



ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР ӘЛ БЕРМЕЙ ТҰР

3-бет



ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СИПАТ АЛУЫ ТИІС

6-бет



ШЕТКІ ҮЙ

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№86 (3617) 14 қараша 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ТҰЛҒА

ТӨРТ ТАРАБЫН ТҮГЕНДЕГЕН ТӨБЕ БИ
Төле би Әлібекұлының туғанына – 360 жыл



Қатардағы би-шешен ғана емес, тарихи тұлғалық тұрғысынан алатын орны зор. Қазіргі ресми тілмен сөйлесек, – мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті саясаткер Төле би туралы толғанып, ой тарқату үлкен жауапкершілік жүктейді. Оның басты себебі би атқарған істердің аса күрделі, мемлекеттік маңызының жоғарылығында, әрі сантараптылығында.

Бала жасынан бітім-болмысының бөлектігін аңдатып, аты ерте шыққан Төленің би ретінде танымал болуының өзі кездейсоқ емес. Қазақ – аса сыншыл халық, «би» деген атаққа қоршаған қауымның сан сынағынан сүрінбей өткен сұңғылалар жеткен. Бидің әлеуметтік орны туралы басқа емес, Төле бидің өзі: «Батыр деген барақ ит, екі долы қатынның бірі табады. Би деген бір бұлақ, қатынның ілуде біреуі табады» деп кесіп айтыпты.

Төле би тек ел арасындағы даушар, жер дауы, жесір дауы, барымта-сырымта, адам құны, мал құны мәселелерін қараудан биіктеп, мемлекеттік дәрежеге көтерілген санаулының бірі. Төле бидің дәуірінде халық басына бұрын-соңды болмаған ауыр сынақ түсті.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТУ ЗОРЛЫҚШЫЛАРДЫҢ САНЫН АЗАЙТА МА?



Елімізде шұғыл түрде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң талаптарын қатаңдату керек. Әйелдерді ұрып-соғу ауыр қылмыс ретінде айқындалып, мұндай әрекет жасағандар өзінің лайықты жазасын алуы тиіс. Бұрынғы министр Қуандық Бишімбаевтың әйелін өлтіргені жайлы күдікке ілініп, қамауға алынуы қоғам белсенділерін, тәуелсіз құқық қорғаушыларды, заңгерлерді осындай ұстаным төңірегіне біріктіріп отыр.

БАСҚОСУ

ТАЛҚЫДА – ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

Әділет министрлігі заң жобаларының салалы әзірленуіне айрықша көңіл бөліп отыр. Құжаттарды ашық талқылау мамандардың пікір-ұсынысын тыңдау заңдарда қателіктің орын алмауына көмектеседі. ҚР Әділет министрі Азамат Есқараевтың төрағалығымен Әділет министрлігінде заң шығару қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырысқа ҚР Парламенті депутаттары мен мемлекеттік орган өкілдері қатысып, бірқатар маңызды мәселелерді талқылады. Басқосу барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жобалар қаралды. Талқыға түскен тақырып негізінде келесі мәселелер сөз болды, ұсыныстар айтылып, қоғамдағы кезек күттірмейтін тақырыптар төңірегінде пікірталастар орын алды:

1) Әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша;

2) «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында жер қойнауын пайдалану мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) бәсекелестік мәселелері бойынша ұсыныстар айтылды.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша Азамат Есқараев заң жобаларын әзірлеуге қатысты мәселелерді талқылауға белсенді қатысқандары үшін комиссия мүшелеріне алғысын білдірді. Тиімді заң шығару қызметін қамтамасыз ету үшін, осы бағытта жұмыс жасау қажеттілігін айтты.

Ведомствоаралық комиссия заңнамалық актілердің жобаларын талқылай отырып, елдің дамуы мен азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуде тиімді қызметтерін жалғастыратын болады.

Өз тілшіміз



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТУ ЗОРЛЫҚШЫЛАРДЫҢ САНЫН АЗАЙТА МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Естеріңізге сала кетсек, бүкіл қазақстандықтарға жаға ұстатқан бұл оқиға өткен бейсенбі, яғни 9 қарашада Астанадағы «Бау» мейрамханасында болған. Экс-шенеунік өзінің үшінші әйелі Салтанат Нүкенованы есінен тандыра ұрып, өлім халіне жеткізген. Сенімді ақпарат көздерінен түсіп жатқан ақпаратқа қарағанда, Бишімбаевтың бұл әрекетке қасақана барғаны байқалады. Өз кінәсін түсініп, көмектесуге ұмтылуы былай тұрсын, жан түршіктіретін салқынқандылықпен уақытты созып, қылмысының қанды ізін жасыруға тырысып баққан. Осылайша таңғы 7-де соққыдан құлаған Салтанат Нүкенова 12 сағат бойы қиналып жатып, ажал құшқан. Бишімбаев әйелін өлтіргендігі бойынша күдікке ілініп, қамауға алынды. Бұл экс-шенеуніктің осымен екінші рет тұтқындалып, қоғамнан оқшаулануы. Оның енді осы жолы өз кінәсін мойындамай, жазадан құтылмасы анық.

Естеріңізге сала кетсек, Қуандық Бишімбаев 2016 жылғы мамырдан желтоқсанға дейін Ұлттық экономика министрі болған еді. Ол үкіметтегі ең жас басшылардың бірі саналды. 2018 жылдың наурыз айында Қуандық Уәлиханұлы 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Сот оны 346 миллион теңге көлемінде пара алғаны және 1,2 миллиард теңге

бюджет қаражатын ұрлағаны үшін кінәлі деп тапты. Экс-министр өз кінәсін мойындамады. Ол мұндай жағдайға тап болғаны үшін экс-президент Нұрсұлтан Назарбаевтан бірнеше рет кешірім сұрады. Соның нәтижесі болса керек, 2019 жылдың қазан айында экс-министр шартты

айтылған еді. Алайда, бұл оқиға оған сабақ болмай, керісінше ауыр жазадан оңай құтылу Бишімбаевты тәубесінен жаңылтқан секілді. Оның әйелін қатыгездікпен өлтіруі жаза жойылған жерде жауыздықтың етек алатынының айқын мысалы болып отыр.

Полицияға жыл басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 35 мыңнан астам шағым тіркеліпті. Бірақ олардың 60 пайызында жәбірленушілер арыз жазудан бас тартқандықтан құзырлы орын тиісті шара қолдана алмаған. 2022 жылы полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 115 мыңнан астам қоңырау түссе, 2020 жылғы пандемия кезінде 180 мыңға жуық қазақстандық ұқсас фактілер бойынша жүгінген екен. Бірақ бұл цифрлардың өзі елдегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың толық көрінісін көрсетпейді. Бұған әрине заңның солқылдақ талаптары ықпал етіп отырғаны анық.

түрде мерзімінен бұрын босатылды. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Бишімбаевтың өз кінәсін толық мойындап, өкінетінін және Қазақстан президентінен кешірім сұрағанын мәлімдеді. 2019 жылдың ақпан айында оның өтініші қанағаттандырылды. Бишімбаевтың жазасының өтелмеген қалған мерзімі пробациялық бақылауда болатыны жайлы

Бір шер он шерді қозғайды демеуші, Салтанат Нүкенованың мезгілсіз ажалы қоғамды дүр сілкіндіріп, Бишімбаевты бұрынғы қылмысы үшін уақытынан бұрын босатқан билікті сын садағына алдырды. Әсіресе, әлеуметтік желілерде оған ең қатал жаза қолданылуы қажеттігі жайлы талаптар көптеп жарияланды. Тиран күйеулерге қатысты

қолданылатын заңнама талаптарының әлсіздігіне базына да айтылып жатыр. Мәселен, адвокат Жанна Мұхаммади өзінің фейсбуктегі парақшасында Қазақстанда әйелдерді әдейі ұрып-соққаны үшін тек ескерту жасалатынын, біздің елде тіпті әйелдерді өлтіргені үшін 1,5 жыл беретініне наразылығын білдірді.

Расында Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстандыру мәселесі жыл сайын талқыланса да оған әлі қол жетпей келе жатқаны белгілі. Естеріңізге сала кетейік, 2017 жылы Қылмыстық кодекстен тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымы жойылып, «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» және «Соққыға жығу» баптары Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырылды. 2023 жылдың 19 мамырынан бастап Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді. Көріп отырғанымыздай, бұл шаралар зорлықшыл күйеулерді тәубесіне келтірген жоқ. Керісінше, олардың не істесе де жазасыз қалатындығына сенімін күшейтіп, зорлық-зомбылыққа бұрынғыдан да бейім етіп бара жатқандай. Өйткені, елімізде мұндай оқиғалар саны күн өткен сайын арта түсуде. Мәселен, полицияға жыл басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 35 мыңнан астам шағым тіркеліпті. Бірақ олардың 60 пайызында жәбірленушілер арыз жазудан бас тартқандықтан құзырлы орын тиісті шара қолдана алмаған. 2022 жылы полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 115 мыңнан астам қоңырау түссе, 2020 жылғы пандемия кезінде 180 мыңға жуық қазақстандық ұқсас фактілер бойынша жүгінген екен. Бірақ бұл цифрлардың өзі елдегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың толық көрінісін көрсетпейді. Бұған әрине заңның солқылдақ талаптары ықпал етіп отырғаны анық.

Мұны заң шығару ұйымдарының өкілдері де жоққа шығармайды. Олар Бишімбаев оқиғасынан кейін

заң талаптарына қатысты ойларын батыл айтып, нақты ұсыныстарын беруде. Солардың бірі мәжілісмен Асхат Аймағамбетов жуырда өткен заң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында әйелдерді жүйелі түрде ұрып-соғуды қылмыстандыруды, ал бір реттік ұрып-соғуды Әкімшілік кодекс аясында жауапкершілікке тартуды ұсыныпты. Оның әріптесі Динара Шүкіжанова да тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға қатысты «заңдарды батыл қатайту қажеттігін» мәлімдеуде. Мәжілісмен бұл орайда зорлық-зомбылық оқиғалары жол бермейтіндей жиілеп бара жатқанын, мұның Бишімбаевтың отбасына да қатысы барын айтып отыр. Өкінішке қарай, Ішкі істер министрлігі бұл оқиғаға қатысты өз ұстанымын білдіріп, тиісті мәлімдемесін жасамады.

Біздіңше бұл оқиға тек заң талаптарын күшейтіп қана қоймай, тәрбие мәселесіне де айрықша маңыз беру қажеттігін көрсетті. Өйткені, зорлық-зомбылық білімді азаматтар тарапынан да орын алууда. Қуандық Бишімбаевтың «Болашақ» стипендиясы түлегі екенін, білімді, білікті, іскер маман мансап баспалдақтарымен оңай өскенін ескерсек, адамның қабілет-қарымы оның адамгершілік, ақыл-парасат деңгейінің өлшемі бола алмайтынын айта аламыз. Қоғамда мұның мысалдары жеткілікті. Біздегі жемқорлық бойынша жасалып жатқан қылмыстар да ізгіліктің кемшіндігінен орын алып жатқан әрекеттер. Осының бәрі білім беру ісінде тәрбиенің ұмыт қалып, немесе екінші орынға ысырылып қалуының зардабын көрсетсе керек. Әл-Фарабидің айтқан тәрбиесіз берілген білімнің қауіпті екенін айғақтап, оқу-білім ісінде Ахмет Байтұрсынұов өсиет еткен Ар білімінің бірінші орында тұруының өзектілігін ұқтырса керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ БАҚЫЛАУДА ҰСТАУ МАҢЫЗДЫ

«Сақтансаң сақтайды» демеуші, Қазақстанда жасанды интеллект (AI) бақылауға алынбақ. Мәлімдемені Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жасады. Ведомствоның мәліметінше, қазіргі уақытта «Жасанды интеллект стратегиясы» мен жол картасының жобалары әзірленуде. Жол картасы екі блокты қамтиды: экожүйені құру және нормативтік реттеу.

Әрине, заманның озығы тозық дүниелерді тықсырып, дендеп өмірімізге еніп келеді. Тіпті «AI технологиялары Қазақстанға 2030 жылға дейін ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы қарқынды өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі факторлардың бірі болмақ» деген сарапшылар пікірін де емес-емес естіп жүрміз. Осы мақсатта жасанды интеллекттің ұлттық платформа құру ұсынылып, ағымдағы жылдан бастап жоғары оқу орындарында жасанды интеллект бойынша пилоттық курс енгізіп, жас буында да жаңаға баулып, сауатын ашу жоспарда екен. Құзырлы орган сөзінше бұл технология экономиканың барлық салаларына, соның ішінде тау-кен өнеркәсібіне, мұнай кен орындарын игеруге, персоналдың жұмысын оңтайландыруға және т.б. үлкен көмек бермек.

Десе де осы интеллект қанша жақсы болса да, абайламасақ болмас. Осыдан бірер апта бұрын 28 ел, соның ішінде АҚШ, Қытай және Германия, сондай-ақ Еуропалық Одақ жасанды интеллектті қауіпсіз пайдалану туралы Блетчли декларациясына қол қойды. Конференцияға қатысушылар AI-мен байланысты ықтимал тәуекелдерді және оны пайдалануды халықаралық реттеу қажеттілігін талқылады. Декларацияға сәйкес, AI пайдалану тәуекелдерін зерттеуге және оларды ескере отырып қауіпсіздік саясатын әзірлеуге бағытталады. Декларация авторлары, сонымен қатар, жасанды интеллект тақы-

рыбын талқылауды жалғастыруды жоспарлап отыр. Келесі осындай конференция алты айдан кейін өтеді.

Дегенмен осы конференцияда АҚШ алдағы уақытта жасанды интеллект қауіпсіздігі институтын құрмақ ойын жеткізді. Ұлыбритания Премьер-Министрі Риши Сунак кездесуді «әлемдік интеллект көшбасшыларының балаларымыз бен немерелеріміздің ұзақ мерзімді болашағын қамтамасыз етуге көмектесу үшін AI тәуекелдерін түсінудің шұғыл қажеттілігі туралы келіскені маңызды» деді. Тіпті, келер жылдың наурыз айына дейін AI дамыту саласындағы басқа жетекші тұлғаларға қауіпсіздік жайындағы хаттамалар әзірленіп, енгізілгенше жасанды интеллект технологияларын дамытуды кідіртуге шақыратын ашық хатқа қол қойылды. Келісімге OpenAI, Google DeepMind, Amazon, Mistral, Microsoft және Meta сияқты бірқатар ірі технологиялық компаниялар қосылды.

Жалпы жасанды интеллект қауіптерін екі үлкен топқа бөлуге болады: Біріншісі AI-ды қастық оялағандар қылмыстық мақсаттары үшін пайдалану қаупі, екіншісі AI-дың өзінен шығатын қауіп.

Десе де, қауіптің басым бөлігі бүгін жанысыдан гөрі, тірі адамнан болып тұр. Қаскөйлер жасанды интеллект көмегімен әртүрлі қауіпсіздік шараларын айналып өте алатын фишингтік сайттарды, хаттарды, сыртқы жағдайларға бейімделген компьютерлік вирустарды

пайдалана отырып компьютерлік шабуылдар жасай алады. Тіпті AI жалған жаңалықтар мен жалған ақпараттың үлкен көлемін жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Әлем практикасында қылмыскерлердің AI-дың көмегімен адамдарға зиян келтіруі мүмкін тыйым салынған немесе қауіпті химиялық қосылыстарды жасау деректері де тіркелген.

Елімізде бүгінде әрине жасанды интеллектке негізделген топтарды жобалар жоқтың қасы. Десе де, Қазақстанда денсаулық сақтау, білім беру, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету, ақылды қалалар бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, Сerebra (инсульт белгілерін диагностикалауға көмек), Aident (ортодонттарға көмек), Smart ECG (электрокардиограмманы қашықтықтан декодтау), PneuMoNet жүйесі (өкпеннің ең патогенді 17 ауруын анықтау). Сондықтан ерте қамданғанымыз өзімізге оң әсер етері анық.

Министрлік бұл тұрғыда «Жасанды интеллектті реттеу, ең алдымен, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және теріс пайдаланудың алдын алу үшін қажет. Пайдаланушылардың жеке деректерін қорғау мәселелерін реттеу маңызды. Осыған байланысты осы технологияны қолдану кезінде тиісті құқықтық және этикалық нормаларды қамтамасыз ету ең маңызды міндеттердің бірі», – дейді. Сонымен бірге, жасанды интеллектті қолданудың салалық шешімдері үшін «реттеуші сервер» құру жоспарда. Алдағы уақытта осы саладағы зияткерлік меншік мәселелерін заңнамалық реттеу қажеттілігі де бағаланатын болады.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ӘЛЕУМЕТ

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы 2023 жылдың 9 айындағы елдің шоғырландырылған бюджетіне шолуын жариялады.

Қауымдастықтың талдау орталығы мәліметіне қа-



БЮДЖЕТКЕ ТҮСЕТІН КІРІС ТӨМЕН

рағанда, ЖІӨ-де қызметтердің үлесі басым болғанына қарамастан, шоғырландырылған бюджетке түсетін кірістер негізінен мұнай экспортынан түседі. Сондықтан елдегі экономикалық белсенділіктің жеделдеуі кезінде де салық аударымдарының әлсіз өсуі байқалды. Бұл жыл соңына дейін кіріс бөлігін толықтыру көздерін шұғыл іздеу қажеттілігіне әкеледі. Айта кетейік, қарыздарды тарту жөніндегі жоспардың орындалуы былтырғы сәйкес кезеңдегі 65%-бен салыстырғанда 91%-ға дейін өсті.

Бұл ретте биылғы 26 трлн салық жинау жоспары орындалмауы мүмкін. Өйткені 9 айда 17 трлн немесе жылдық жоспардың 64 пайызы ғана жиналды. Орта мерзімді перспективада салық түсімдерін жақсарту жөніндегі шараларды бюджет ережесін міндетті түрде орындаумен және әртарап-тандырылған өсуді ынталандыруға, сапалы жұмыс орындарын құруға және қазақстандықтардың әл-ауқатын қолдауға арналған шығыстарды қайта бағдарлаумен ұштастыру қажет. Бұл жағдайда бюджет балансы айтарлықтай жақсаруы мүмкін.

Осы арада әлеуметтік шығындар өсуінің жоғарылығы және жеңілдетілген несиелер ұтынушылық сұраныстың артуына, ақша массасының өсуіне, нәтижесінде инфляцияның жоғарылауына және бюджетке қарыз жүктемесіне әкелетінін де есте ұстаған жөн сияқты.

Енді 9 айдағы негізгі тенденцияларға кеңірек тоқталар болсақ, был өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда экономика дамуының жеделдеуіне (4,7 %) және биржалық

металдар (50%) мен өзге қатты пайдалы қазбалар (30%) үшін оларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемелерінің айтарлықтай өсуіне қарамастан, шоғырландырылған бюджетке түсетін салық түсімдері шамалы ғана өсті. Жиналған 16,7 трлн салық былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 8 пайызға жоғары. Осылайша, 2023 жылға арналған салық алымдары бойынша жоспардың орындалуы (26 трлн) бір жыл бұрынғы 86%-бен салыстырғанда 64% құрады. Республикалық бюджеттің кіріс бөлігі 1,1 трлн теңгеге орындалмады. Атап айтқанда КТС бойынша салық түсімдері 819 млрд теңгеге, импортқа ҚҚС – 243 млрд теңгеге, шикі мұнайға ЭКБ – 203 млрд теңгеге, тау-кен салығы – 145 млрд теңгеге орындалмады.

Кіріс бюджеті шығыстары 19 пайызға, кіріс бөлігі 17 пайызға өсті. Өсімнің үштен бір бөлігі қарызға қызмет көрсету және өтеуге (+11 050 млрд) тиесілі. Оларға жұмсалған жалпы шығыстар 9 айда 39 пайызға, бір жыл бұрынғы 2,7 трлн теңгеден 3,7 трлн теңгеге дейін (бюджеттің барлық шығыстарының 18%) өсті. Бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 5,1 трлн қарыздар тартылды. Яғни, жылдық жоспар 5,6 трлн болып 91 пайызға орындалды. Болжамды мәндерден салықтық түсімдердің елеулі артта қалуы жағдайында былға арналған қарыздарды тарту жөніндегі жоспар асыра орындалуы мүмкін.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР ӘЛ БЕРМЕЙ ТҰР



Қалта телефонында орналасқан банк қосымшасы арқылы онлайн несие оңай рәсімдеу талай адамды сан соқтырды. Түркістан облысы, Түлкібас ауданы тұрғынының смартфонна келген хабарлама төбесінен жай түсірді. «Сіздің 1 миллион теңге несиеңіз бар» деген хабарлама күндізгі уақытта түскен еді.

Түркістан облысында ер адам танысын алдап, оның банк қосымшасынан несие рәсімдеп алған. Түлкібас ауданының полиция бөліміне жергілікті тұрғын шағымданды. Интернет арқылы оп-оңай рәсімделетін бұл қарызды көпшілік «батпан құйрық» көретіні рас. Бірақ оның соңы орға жықпай қоймайтыны тағы бар. Онлайн несие, шағынқаржы рәсімдейтін ұйымдар туралы бұған дейін талай рет айтылып, талай мәрте жазылды да. Бірақ бұған тоқтау болмай тұр. Өзінің несиеден жабу үшін туысының немесе танысының атынан онлайн қарыз рәсімдеп жүргендер қаншама?! Я болмаса бір несие алу үшін екінші банктен несие алып жабатындар да жиі келеді. Экономистер елдің ең басты қателігі осы екенін айтқанымен, бұл келеңсіз әрекетке тыйым сала алмай отыр.

Жұрттың онлайн несиеге үйір болуының басты себебі – ешқандай құжатты талап етпейтіндігі. Иә, интернет арқылы онлайн қарыз алу үшін жеке басыңызды куәландыратын құжаттың деректерін енгізеңіз болғаны. Ал ақшадан қысылып тұрған адам үшін бұл өте ұтымды болып көрінеді. Тіпті, мұндай несие

беретін ұйымдар жұмыссыздардың да бетін қайтармайды. Жұмысың, табысың туралы анықтама талап етпейтін «жылдам ақша берушілер», әсіресе жастарды көп еліктіріп отыр. Онлайн несие оңай алуға жол ашады, бірақ оны болжамаған жастардың бірі – Аслан. Жалақы алған күні қарызымнан құтыла қоямын деп ойлаған азамат «жағдайдың бұлай аяқталарын білгенімде, онлайн несиеге жоламас едім» дейді. «Өзім бар-жоғы 40 мың теңге жалақы аламын. Қаржы қажет болғандықтан, онлайн несиеге жүгінгеннен өзге амалым болмады. Өйткені, банкке барып, құжат тапсырып жүруге уақыт тапшы еді. Оның үстіне банктің менің жалақыма несие шығара қояуы да екіталай болатын. Сонымен не керек, интернет арқылы тез арада онлайн қарыз рәсімдедім де, еш кедергісіз 35 мың теңгені қолыма алдым. Ол кезде ақша тапқаным қуандым да, арты қалай болатыны туралы ойламадым», – дейді Аслан. Кейіпкеріміздің айтуынша, ол онлайн несиеңіз пайызы тым жоғары екенін білмеген. Қарызын дәл уақытында қайтара алмаған азамат пайыздық үлесті көргенде төбесінен жай түскендей

болған. Сөйтіп, бір айдан кейін қарызын қайтаруға шамасы келмеген Аслан амалсыздан екінші бір жылдам несие рәсімдеушінің көмегіне жүгінген. «Осылай тізбек жалғасып кете берді. 40 мың теңге жалақы еш нәрсеге жетпеген соң, бірінен алып, екіншісіне төлеп жүре бердім. Соңында қарызға белшеден баттым. Екі-үш ай ішінде 10-нан астам микрокредит ұйымына берешек болып, жалпы қарызым 1,5 миллион теңгеден асып түсті. Содан амалым таусылып, досымның атынан онлайн несие рәсімдеп қарызымнан құтылдым. Досыма алғашында айтпаған едім, уақыт өте оған ашығын айтып, қазір досымның атына алған несие ені төлеп келемін» деп жағдайын түсіндірді кейіпкеріміз. Ең қызығы, әбден қарызға батқан жігіттің бетін қайтарған ұйым болмапты. Бәрі де

Түркістан облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, аралас тауарларды сатуға арналған жаңа технологиялар, әртүрлі веб-сайттардың пайда болуы онлайн несие алуға арналған түрлі тәсілдер сызбаларын жасауға мүмкіндік беріп отыр. Тиісінше, бұл – алаяқтар үшін оңай олжаға кенелудің бір жолы. Ізгілік пен қазақылықтың ортасы саналатын оңтүстік өңірде де алаяқтардан аяқ алып жүру мүмкін болмай барады.

сұраған сомасын еш қиындықсыз беріп отырған. Осылайша, Аслан онлайн несие алудың «маманына» айналып шыға келеді. Тіпті, бұл «былыққа» достарын да батырып үлгеріпті. Соңғы сәтте бүкіл қарызын қағазға түсіріп, есебіне жеткісі келгенде Аслан бұл қарыздан бір өзі құтыла алмасын анық түсінеді. «Не істерімді білмей кеттім. Достарымның атынан рәсімделген несиелер де бар. Бәрі бір-бірін жабу үшін алынған қарыз болғандықтан, өтеу мерзімдері де бір уақытта. Ең қиыны да сол болды. Тығырықтан шығудың жолын таба алмадым. Өзімді іштей жегеніммен, артқа қарай жол жоқ. Болар іс болды, бояуы сінді. Жағдайымды ешкімге түсіндірмедім. Ақымақ болып көрінгім келмеді, шынымды айтсам», – дейді кейіпкеріміз. Біздің

кейіпкеріміз онлайн несие алып, оңбай ұтылғандардың бірі ғана. Елімізде мұндай жандар өте көп.

Онлайн несие рәсімдеуші ұйымдардың ешбір құжат талап етпейтіндігі алаяқтарға қолайлы болып тұр. Мұндай ұйымдардың көпшілігі қарыз алушыдан жеке кәсіпкерлік талап етеді. Осыны ұтымды пайдаланған алаяқтар талай жұртты сан соқтырып жүр. Мысалы, 2015 жылы Түркістан облысының құқық қорғаушылары онлайн несиемен айналысқан алаяқты қолға түсірген. 35 жастағы әйел 169 адамның атынан онлайн несие рәсімдеп үлгерген. Алаяқтың құрығына түскендердің бәрі базарда сауда жасайтындар. Күдікті қала базарларынан тауар сатып алу арқылы сатушылардың сеніміне кірген. Тауарға төлейтін қолма-қол ақшасы болмағандықтан, банк картасы арқылы төлеуге келіскен. Сөйтіп, сатушылардың банк карталары мен жеке куәліктерін суретке түсіріп алу арқылы олар туралы мәліметтерге қол жеткізген. Одан кейін алаяқ қажетті мәліметтерді интернетке енгізу арқылы онлайн несие ұйымдарынан әлгі сатушылардың атынан қарыз алған. Тіпті, саудагерлер өзін танып қоймас үшін базарға әр келген сайын келбетін өзгертіп, шашын түрлі

полиция бөліміне хабарласқан жергілікті тұрғын өзінің атына онлайн несие рәсімделгенін несие беруші ұйымнан хабарласқан кезде бір-ақ білген. Ал полиция қызметкерлері жедел іздетіру шарасы кезінде алаяқтың үшін бұрын сотты болған күдіктіні бір тәуліктің ішінде ұстады. Ол зардап шегушінің туысы арқылы несие карта туралы мәліметтерді біліп, ұялы телефонның көмегімен онлайн несие рәсімдеген. Дәл осындай оқиғалардың бірі жыл басында Сарыағаш ауданында тіркелді. Интернеттегі алаяқтар аудан тұрғынының атынан онлайн қарызға өтініш берген. Әйел бұдан несие енін кешіктіргені туралы хабарлама алғанда ғана өзінің атында несие барын білген.

Түркістан облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, аралас тауарларды сатуға арналған жаңа технологиялар, әртүрлі веб-сайттардың пайда болуы онлайн несие алуға арналған түрлі тәсілдер сызбаларын жасауға мүмкіндік беріп отыр. Тиісінше, бұл – алаяқтар үшін оңай олжаға кенелудің бір жолы. Ізгілік пен қазақылықтың ортасы саналатын оңтүстік өңірде де алаяқтардан аяқ алып жүру мүмкін болмай барады. Мәселен, Арыс аудандық ішкі істер бөліміне жергілікті тұрғындардың бірі келіп, банк картасындағы қомақты сомасының жымқырылғандығы жайлы арызданған. Белгілі болғандай, күдікті әйелдің төленбеген несие болғандықтан, банк картасындағы ақшасын пайдалана алмаған. Сондықтан ақша табудың оңай жолын іздеп, арам ой туындап, оны іске асыру үшін көрші әйелді пайдаланған. Яғни, күдікті көршісіне барып, банк картасына танысына айтып ақша салдырып, сосын шығарып аламын деп өтінген. Осылайша, жалған сылтаумен жәбірленушінің құпия кодын, деректерін біліп алып, 3 банктен 300 мыңнан астам теңгеге онлайн несие рәсімдеген. Сондай-ақ, жәбірленуші әйелдің шотына келіп тұрған жүктілік кезінде берілетін бірреттік жәрдемақысы, яғни 400 мыңнан астам ақшасын ұялы телефон арқылы басқарып, өз пайдасына жаратқан. Жалпы, күдікті әйел өзінің көршісіне 700 мыңнан астам теңгеге шығын келтірген. Міне, мұның бәрі бұғингі қоғамда алаяқтарға құрбан болудың оп-оңай екендігін дәлелдейді. Аңқау жұрт осындай әккі алаяқтардың кесірінен онлайн несие қарызын төлеп, жазықсыз шығынға батып жүр.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

КӨКЖИЕК

БІЛІМ ОРДАСЫ ЕСІГІН АШТЫ

Казталов ауданындағы 600 орындық жалпы орта білім беретін мектеп ашылды.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы, Казталов ауданының әкімдігі, Казталов ауданының білім беру бөлімі мектептің ашылуына орай салтанатты шара ұйымдастырды.

Бүгінгі күн – білім беру мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұрып отырған кезең. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кіруі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда.

Аймақтық бағдарламалар іске асырылғаннан бастап аудандағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды, барлық деңгейдегі және сатыдағы білім берудің сапасы мен қолжетімділігінің деңгейін көтеру үшін жағдайлар жасалған.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Алма Оразбаеваның туғанына 125 жыл, ал Батыс өңіріндегі XIX ғасырда іргесі қаланған тарихи терең, бірегей білім ордасының бірі Алма Оразбаева атындағы мектепке 155 жыл толып отыр. Осы атаулы даталар қарсаңында аудан тарихында үлкен жаңалық орын алып жатыр.

Аудан үшін қуанышты жағдай – 600 орындық мектептің балалар

игілігіне тапсырылуы болды. Жаңа ғимаратта 32 оқу кабинеті бар, 11 интерактивті тақта, 10 интерактивті панельмен жабдықталған. Сонымен қатар, 1 шеберхана, 1 информатика кабинеті, 1 робототехника кабинеті, спортзал, 2 кітапхана және 50 орындық оқу залы, 130 орындық акт залы, 270 орындық асханасы, арт студия, Алма студия, фото студия, психологиялық тренинг кабинеті бар.

Ескі мектеп ғимараты 2017 жылғы 18 сәуірдегі «ЖайықСтройИнжиниринг» ЖШС-нің қорытындысы негізінде «апатты жағдайда» деп танылған болатын. Мектеп оқушылары 2022–2023 оқу жылында 10 нысанда, биылғы жылы 5 жерде оқуын жүргізуде. Жаңа мектепте 2023–2024 оқу жылында 2 ауысымда 35 сынып-комплектінде 549 оқушы білім алады. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Биылғы оқу жылында 1-сыныпқа 51 оқушы қабылданды, мектепалды сыныбында 39 бала тәрбиеленуде. Мектепте 87 педагог қызмет атқарады. Нысан құрылысы 2020 жылы ақпан айында басталды. Батыс Қазақстан облысы құрылыс басқармасы жаңа нысанның тапсырыс берушісі саналады. Құрылыс жұмыстарын жүргізуші ұйым «Жиенбай» ЖШС. Жоба құны – 2 754,3 млн теңге.

А.АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ОЙТҮРТКІ



ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ТҰЙЫМ КЕРЕК

Бүгінгі таңда тұрмыстық зорлық – отбасының жағымсыз жағдайы ғана емес, бүкіл қоғамдық өмірдің трагедиялық образы. Осы ретте, заң күшейді, жауапкершілік жоғарылады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі 73-бабымен толықтырылып, құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданы-

латын әрекет белгілері болмаса, ондай азамат әкімшілік жауапқа тартылады.

Статистикаға сәйкес кейінгі кездері тұрмыстық жанжал көбейіп, мұндай құқықбұзушылықтар алдыңғы деңгейлі статистиканы көбейтуде.

Азаматтардың отбасылық қарым-қатынасындағы сыйластықтың төмендеуі, кедейлік, әлеуметтік қолайсыздық, матери-

алдық және психикалық зорлыққа тәуелділік, спирттік ішімдіктер немесе есірткі заттарды асыра пайдалану секілді теріс сипаттар жиі орын ала бастады. Мұның бәрі қоғамдағы адам құқығына зиян келтіруде.

Осы тұрмыстық зорлықтың әсерінен көбінесе отбасында ана мен бала зәбір көріп жатыр. Ондай озбырлықты көріп өскен жасөспірімдер ауыр моральдық жарақаттар алуға. Қазақта «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген сөзден де осы ретте қауіп қыламыз. Әкесінің анасын балағаттағанын, қорлап, ұрып соққанын көрген баланың ертең оны қайталамасына кім кепіл?

Егер сіздің таныс, туыс немесе

көршілеріңізден ондай ауыртпалықтар болмаса десеніз мұндай зорлыққа төзбеніз. Бірден құқық қорғау орындарына хабарлап, өзіңізді, жақыныңызды алда болуы мүмкін бақытсыздықтардан арашалаңыз. Сіздің бүгінгі әрекетіңіз біреудің ертең зорлық құрбаны болып кетпеуіңіз кепілі.

Ә.ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СИПАТ АЛУЫ ТИІС

Есірткімен күрес – кез келген мемлекетте басты орында тұрған мәселе. Ұрпағының ертеңіне алаңдаған ұлт есірткіге қарсы іс-шараларды ешқашан екінші қатарға ысырып қойған емес. Себебі, есірткі есті алады, есіңнен айырады, ертеңгі күнге деген сенімді жоғалтады. Есірткіге тәуелді болған жастың келешегі жоқ. Сондықтан, біздің елімізде де нашақорлыққа қарсы күреске барша жұртты жұмылдырып, есірткінің таралуына тегеурінді тосқауыл қойылып келеді.



Бұған дейінгі жолдауында «есірткі өндірісі мен таралуына қарсы күрес жалпыұлттық сипат алуы тиіс» деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда нашақорлық мәселесіне тағы да тоқталды:

– Мен тағы бір нәрсеге баса назар аударғым келеді. Бұл – нашақорлық. Ол ұлт саулығына зор қауіп төндіретін кесел. Есірткі жастардың жанын да, тәнін де улап жатыр. Біз есірткіні қолданудың, дайындаудың және таратудың жолын кесіп, тамырына балта шабуға тиіспіз. Әйтпесе, бүкіл еліміздің болашағы бұлыңғыр болады. Бұл мәселе мені қатты алаңдатады. Химиялық есірткілер нарықта кең ауқымда сатылуда. Криминалдық топтар жастарды осындай заңсыз әрекеттерге тартып жатыр, – деп атап өткен Мемлекет басшысы қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шұғыл шаралар қабылдау қажеттігін алға тартты.

Полиция өз жұмысын белсенді жүргізуі керек

– Тыйым салумен ғана мәселені шешу мүмкін емес. Полиция өз жұмысын белсенді және тиімді жүргізуі керек. Мен бұған ерекше мән беремін. Елімізде 2016 жылдан бері есірткімен күрес жұмыстарын реттейтін арнаулы құжат болған жоқ. Сондықтан былтырғы жолдауымда кешенді жоспар әзірлеуді тапсырдым. Үкімет таяу күндері осы мәселе бойынша арнайы жоспарды қабылдайды. Бұл – өте маңызды құжат. Осы құжаттың аясында жан-жақты жұмыс атқарылады, – деген болатын Президент құрылтайда.

Еуропа мен Азияның ортасында жатқан Қазақстанды ұйымдасқан қылмыстық топтар есірткі тасымалы үшін транзиттік дәліз ретінде пайдаланады. Ауғанстанда өндірілетін героин Орталық Азия елдері арқылы Қазақстанға өтеді, одан әрі Ресей, Еуропа елдеріне таралады. Елімізде есірткі транзиті Түркістан облысының аумағы арқылы басталатыны да жасырын емес. Сондықтан есірткіні шекарада анықтау, тосқауыл қою жұмыстарының қаншалықты маңызды екендігі айтпаса да түсінікті.

Қалтадағы гашиш

Жуырда Түркістан облысы Келес аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері жедел-профилактикалық іс-шараларды өткізу барысында «Б.Қонысбаев» бекетінде есірткі заттарын заңсыз тасымалдады деген күдікпен шетел азаматын ұстады. Өзбекстанға бет алған Volvo жүк көлігінің жүргізушісі, яғни шетелдіктің құжаттарын тексеру кезінде көлікте тұрған киімінің қалтасынан

есірткі затына ұқсас зат табылды. Тәртіп сақшылары айғақтық затты сараптамаға жіберіп, нәтижесінде оның гашиш екені анықталды. Күдікті Өзбекстан азаматы қосымша тергеу жұмыстарын жүргізу үшін аудандық полицияға жеткізілді. Қазіргі уақытта Қылмыстық кодекстің 286-бабының 1-бөлігіне сәйкес (айналымнан шығарылған заттарды немесе айналымы шектелген заттарды заңсыз алып өту) сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Тәртіп сақшыларының айтуынша, есірткі қылмыстарын анықтауда қызметтік иттердің көмегі көп тиеді. Өткен аптада «Жібек жолы» шекара бақылау бекетінде есірткі тасымалдаушы «Карпина» атты қызметтік ит арқылы ұсталды. Қызметтік ит Өзбекстаннан Қазақстанға өтіп бара жатқан шетелдік ер адамға белгі берген. Полицейлер алған ақпарат бойынша күдік тудырған Өзбекстан елінің азаматын тінту кезінде шалбарының оң жақ қалтасынан есірткі затына ұқсас зат тапты. Тәртіп сақшылары ұсталған шетелдікті аудандық полиция бөліміне жеткізді. Сараптама қорытындысы бойынша алынған өсімдік тектес зат «марихуана» болып шықты.

Іздестіру нәтижесіз емес

Түркістан облыстық Полиция департаментінің хабарлауынша, дәл осындай жағдай жуырда тағы да сол Сарыағаш ауданында болған. Тәртіп сақшыларына шекара бақылау алып қызметкерлерінен есірткі бөлік өтпекші болған Өзбекстан азаматы туралы хабарлама келіп түскен.

– Нақтырақ айтсақ, Өзбекстаннан Қазақстанға өтпекші болған ер адамды тексеру барысында «Наоми» атты қызметтік иттің көмегімен күдікті ер адам ұсталды. Полицейлер күдік тудырған адамға тінту жүргізу барысында шетелдіктің киімінің қалтасынан насыбай шақшасына жасырып қойған есірткіге ұқсас затты тапты. Сараптама қорытындысы бойынша табылған заттың «гашиш» екені расталды. Қазіргі таңда күдіктіге қатысты сотқа дейінгі тергеу-тексеру амалдары жүргізілуде, – делінген департаменттің баспасөз қызметі таратқан мәліметте.

Бұдан бөлек жуырда полицейлер жергілікті тұрғыннан 15 келіден астам марихуана тәркіледі. Түркістан облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері сарыағаштық полицейлермен бірлесіп, жедел-іздестіру іс-шарасын жүргізді. Нәтижесінде есірткі құралдарын сақтап, өткізді деген күдікпен жергілікті тұрғынды ұстады:

– Күдіктінің үйінің ауласы мен сарайын тінту кезінде 2 түп есірткіге ұқсас өсімдік пен 20 литрлік ыдысқа салынған құрамында есірткісі бар заттарды тәркіледі. Сондай-ақ,

50-ден астам сіріңке қорабы мен 2 пластикалық контейнерге салынған «марихуанаға» ұқсас зат таптық. Тәркіленген заттай дәлелдемелерді сараптамаға жібердік. Қорытындыға сәйкес ол жалпы салмағы 15 келіден асатын «марихуана» болып шықты – дейді Түркістан облыстық Полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманбек Сахов.

Күдікті қамауға алынды. Сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде, оқиғаның толық мән-жайы анықталуда.

Көкнәр егуші қолға түеті

Соңғы кездері құзырлы органдар есірткіні қолда өсірушілермен күресті де күшейтті. Жақында сот үкімімен өсіруге тыйым салынған есірткі затын үй ауласына егіп, баптауға қатысты қылмыс жасаған азаматқа бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Түркістан облыстық сотының хабарлауынша, қылмыстық құқық бұзушы Жетісай ауданы Атақоныс ауылындағы өзінің тұрғын үйінде сақтап жүрген көкнәр өсімдіктерінің тұқымдарын жеке басына пайдалану мақсатында үйінің ауласындағы бірнеше шаршы метр жердегі жүйекке егіп, өсірген.

Биыл маусым айында Жетісай аудандық полиция бөлімі қызметкерлері сотталушының тұрғын үйіне келіп, тінту жүргізген. Тінту барысында күдіктінің үйінің ауласынан бірнеше шаршы метр жерден 10 600 түп көкнәр өсімдігі табылып, айғақты зат ретінде алынған.

Қылмыстық іс сотта қаралып, істі қарау кезінде сотталушы өзіне тағылған айыпты мойындап, көкнәр өсімдіктерін жеке басына пайдалану мақсатында өсіргенін, бүгінде жасаған әрекеттеріне шын өкінетінін айтып, жеңіл жаза тағайындауды сұрады.

Сот сотталушыға жаза тағайындау кезінде оның жасаған қылмысының сипатын, қылмыстық жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар жанын-тығын, жеке басының деректерін, алдын шартты түрде сотталып, пробацялық бақылауда жүріп одан тиісті нәтиже шығармай, қайта ауыр қылмыс жасағанын, жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін және сипатын ескеріп, оған бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Үкім заңды күшіне енгеннен кейін сотталушы жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтейтін болады.

Есірткіге тәуелділіктің емі бар

Құзырлы органдар есірткі қылмысының алдын алу үшін күрессе, бұл қылмыстың салдарымен, дәлірегі нашарлық дертіне шалдыққандарды айықтырумен дәрігерлер айналысады. Осы орайда мәлімет ретінде айта кетейік, Түркістан облысында психикалық белсенді заттарға тәуелді науқастар үшін медициналық ұйымдарда 20 психикалық денсаулық кабинеті жұмыс істейді. Облыс бойынша 37 дәрігер-психиатр қызмет көрсетеді. Нарколог дәрігерлердің айтуынша, соңғы жылдары мәжбүрлеп емдеуге жіберілгендерге қарағанда, мекемеге ерікті түрде келушілердің қатары көбейген.

Бүгінде есірткіге тәуелділіктен емделушілерге арналған Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты Облыстық психикалық денсаулық орталығы жұмыс істейді. Шымкент қаласы аумағында орналасқан негізгі мекеме ғимаратында стационарлық емге арналған 130 төсек-орын бар. Оның ішінде 70-і ерікті емге арналса, 60-ы сот шешімімен мәжбүрлеп емделушілерге арналған.



МАЛ ҰРЛЫҒЫ: ЖӘБІРЛЕНУШІМЕН ТАТУЛАСУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Соңғы жылдары Қылмыстық кодекске мал ұрлығына қатысты арнайы бап енгізілді. Мал ұрлығымен айналысқандарға жаза қатайтылды. Дәлірегі, кінәлі деп танылғандарға мүлкін тәркілеп, 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген. Сондай-ақ, ұрылардың жәбірленушілермен татуласу арқылы жауапкершіліктен жалтаруына жол бермеу және ұрлықтың алдын алуы күшейту қолға алынды. Бұл мал ұрлығына қаншалықты тосқауыл болды?

Ауылдағы халықтың негізгі күнкөрісі малмен байланысты екені белгілі. Баққанын ас-суына жаратып, қажет кезде малын сатып жоғын түгендеп отырған ауыл тұрғындары жайылымның аздығы, жем-шөп табудың қиындығы да үлкен қолбайлау. Сонда да болса, туған жеріне ту тігіп, қара шаңырақтың түтінін түзу шығарып, ата кәсіпке адалдық танытқан азаматтарға төрт түлігін аман сақтау да оңай болмай тұр. Малды тұз тағыларының аңдығаны аздай, соңғы жылдары адамның тағысы да қора-қопсыны жағалап, қараусыз қалған төрт түлікке қырғайдай тиюде. Түркістан облысы Келес аудандық полиция бөліміне 6 ауыл тұрғыны малының жоғалғанын айтып арызданған. Олардың сөзінше, белгісіз біреулер жылдар бойы тепеңдеп бағып-көбейткен ірі қара малдарын қолды етіп келген. Жоғалған малдарын тұрғындар өз күштерімен іздеген, алайда нәтиже болмаған соң полицияға шағымданған.

Полиция қызметкерлері аталған фактіні Қылмыстық кодекстің 188-1-бабы (мал ұрлығы) бойынша тіркеді. Жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижесінде полиция қызметкерлері мал ұрлығын жасағандардың ізіне түсіп, екі күдікті ер азаматты ұстады. Екеуі де тепсе темір үзетін, қайраттанса тау қопаратын жастағы жігіттер. Жеңілді астымен, ауырдың үстімен күн көруге дағдыланған екеуі де жұмыссыз екен. Жәбірленушілерге келтірілген шығын 2,5 миллион теңгені құрайды.

Анықталғандай, ұрылар жергілікті тұрғындардың жайылымдарда қараусыз қалған және қорада тұрған төрт түлігін жымқырып, жүк көлігіне артып әкеткен. Содан кейін олар ұрланған малды арзан бағамға сатып, түскен ақшаны өзара бөлісіп отырған. Қазіргі таңда күдіктілер қамауға алынып, оларға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Мұның алдында Түркістан облыстық Полиция департаментінің қызметкерлері «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында Түркістан облысы аумағында мал ұрлығымен айналысқан адамдар тобының қылмыстық әрекетін тоқтатты.

Нақтырақ айтсақ, криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері мал ұрлығын ашуға, күдіктілерді ұстауға бағытталған арнайы шаралар кешенін жүзеге асырды. Нәтижесінде ірі қара малды ұрлаумен айналысқан Қазығұрт ауданының екі тұрғыны ұсталды.

Анықталғандай, күдіктілер қылмыстық әрекеттерді алдын ала жоспарлаған. Жайылымдарда адамдардың жоқтығына көз жеткізген соң малдарды ұрлап,

«Газель» көлігіне тиеген. Содан кейін ұрланған малдарды Сайрам, Сарыағаш ауданы және Тараз қаласының мал базарларында сатқан. Мал ұрылары қылмыстық жолмен тапқан пайдаларын өзара бөліскен.

Полицейлер күдіктілердің Қазығұрт ауданындағы мал ұрлығының 8 фактісіне қатысты барын дәлелдеді. Заттай дәлелдемелер ретінде «Газель» автокөлігі мен 3 бас мал тәркіленді. Бүгінгі таңда күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалды. Оларға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп, ұсталған адамдардың Түркістан облысының аумағында жасалған басқа да осындай қылмысқа қатысты бар-жоғы анықталып жатыр.

Тәртіп сақшыларының айтуынша, көп жағдайда мал ұрлығының ашылмай қалуына тұрғындардың өздері де кінәлі. Олар алғашқыда малды өз беттерінше іздеп, уақыт жоғалтады. Сонымен бірге малды жайылымда қараусыз қалдырады. Жуырда Сауран ауданының тұрғыны жоғалған қойларын қайтаруға көмектескен учаскелік полиция инспекторларының жедел және сапалы жұмысы үшін шынайы ризашылығын білдірді.

Бұл жолы да полиция бөліміне ауыл тұрғындарының бірі арызданды, күндізгі уақытта жайылымда жүрген 100-ден астам ұсақ малы жоғалғанын жеткізді. Хабарламаны алған сәтте оқиға орнына учаскелік полиция инспекторлары шықты. Тәртіп сақшылары іздеуге кірісіп, жақын маңдағы барлық аумақтар мен жайылымдарды қарап шықты.

Жүйелі жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде полицейлер үш тәулік ішінде жайылымнан 20 шақырым қашықтықтан, яғни көрші ауыл маңындағы даладан жоғалған қой отарын тапты. Полиция қызметкерлерінің кәсібилігінің арқасында табылған ұсақ малдар аудан тұрғынына қайтарылды. Өз кезегінде егде жастағы ауыл тұрғыны Сауран ауданының полицейлеріне жоғалған қойларын қысқа мерзім ішінде тауып бергені үшін алғысын білдірді.

Түркістан облыстық соты қылмыстық істері жөніндегі сот алқасының төрағасы Айдос Сұлтановтың берген мәліметіне қарағанда, былтыр мал ұрлығы бойынша өңірде 60 іс қаралған. Ал 2021 жылы 82 іс тіркелген. Яғни, мал ұрлығы 20 пайызға азайып отыр. Оның бір себебі жоғарыда жазғанымыздай, заңға енгізілген өзгерістермен байланысты. Яғни, заңның қаталдығы қылмыстың азаюына себеп болған.

Бетті дайындаған
Бекбол ҚАЛДЫБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тіпті, болашақта «ел болып қаламыз ба, қалмаймыз ба?» деген ауыр сұрақ таразыға тартылды. Міне, дәл осы кезде Қазақ Ордасының билеушісі Әз Тәуке ханның алдында батыл шешім қабылдап, елін тығырықтан шығару мәселесі тұрды. Ендігі жерде қарулы құрыш білек пен ерлік намысқа басып, айбалтасы мен алдаспанына сеніп, арандай беруге болмайтыны, соңынан сеніммен ерген үркердей жұртының амандығы қымбаттығы айқын танылды. Қазақ Ордасы боп ұйысқан елдің дәл осы тұстағы күрделі жағдайында, мәселені бір ғана хандық билікке ерік беріп, билеушілік тегеурінмен тізеге салып шешуге болмайтынын ақылы кемел хан жақсы түсінді. Ол үшін халықтың ішінен шыққан, жұртты аузына қарата алар, соңынан ерте білер өз өкілдеріне арқа сүйеген дұрыс еді. Ал халықтың тілін табуға, билікпен екі араға дәнекерлікке, өздері танып, алдарында ұстайтын би-шешендерден артық лайықты табылар ма еді? Әрине, қазақ аузымен құс тістеген от тілді, орақ ауызды би-шешенге қай заманда да кенде болмаған, оларды көптеп жинап, орда айналасын бітпейтін ұзынсонар дау-дамайға айналдыруға тағы болмайды, парасатты хан үш жүздің әрқайсысынан жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан бірегейлерін іріктеп, ең таңдаулы үш биді ғана орда маңында ұстауды меже тұтты. Міне, тарих сахнасына үш жүздің ең таңдаулы билері Ұлы жүз Үйсін Төле би бастаған, Орта жүздің Қаз дауысты Қазыбегі мен Кіші жүздің Әйтеке биі осылай көтерілді. Үш би ел аузында көп айтылғанымен, олардың тарихи орнын, мемлекеттік тұғырын байсалды ажырату кемшін. Қазақтың ел болып қалу, қалмауы екіталай мезгілде осы үш абыз бидің халық тағдырына араласуы – жұртымыздың шексіз бағы, жолының ашылуына бастаған құтты қадамы болғанын ұрпақ жадына сіңіруден жалықпауымыз керек. Осы арада, тағы бір ақиқаттың басын аша кетуге тура келеді, өз кезеңінде де, тіпті, қазіргі күнге дейін Тәуке ханның осы шешіміне сын айтушылар аз емес. Олардың дені Тәуке ханды жан-жақтан жау анталап, шапқыншылық басылмай тұрғанда, орда маңын бітпейтін қысыр кеңеске айналдырды, «құлтөбенің басында күнде жиын» жасап, елдің қорғанысын әлсіретті деген уәж айтты. Әз Тәукенің бірден-бір дұрыс, парасатты шешім қабылдағанын тарихымыздың өзі айқындап, дәлелден берді. Мемлекеттің тұғыры бекімей, дербес саяси бағыты айқындалмай, заңын қалыптастырмай тұрып, көштен қалмаудың, замана ағымына ілесудің мүмкін емесін ел тізгінін ұстаған билеушілеріміз дер кезінде түсініп, оң шешім қабылдай алды. Өйткені қайраулы қылыш, көк сүңгі найзаға, айбарлы батырларына сеніп, алысқа ұзамасын анық еді. Әз Тәуке ханның да, одан кейінгі Әбілмәмбет ханның да, өз еркімен билік тізгінін ұстатқан Абылай ханның да ұтқаны осы.

Төле бидің тарих алдындағы тағы бір үлкен ұлы еңбегі – оның Абылайды әлі танылмай тұрған, Сабалақ атанып жүрген кезінен қасиетін танып, ажыратып, ерекше қамқорлығына алғандығы еді. Оның Абылаймен қарым-қатынасын Бұқар жыраудың «Ей, Абылай, Абылай!» толғауында ашы айтқан: «Төле бидің түйесін баққан құл едің...» деген сөзінде жырау баба Абылай ханды халықпен санасу тұрғысынан, әділетке шақырып, тегзе салу тұрғысынан айтқанын ескеру керек. Ол заманның артықшылығы, аталы сөзді қадірлеуінде. Халық қолдауына ие болған соң, құдіретті сөз иелерінің билеушілерді қуырып алатыны, көк семсердей тілімен түйрейтіні ол кезде заңдылықтай қабылданғаны шындық. Әйтпесе, Бұқар жырау Төле бидің Абылайды баласынан артықша күтімге алып, болашақ ел билеушілік келбетін кемеңгерлікпен танығанын, тікелей ұстазы болғанын білмеген деуімізге болмас. Сұңғыла жыраудың қырағы жанары Сабалақтың Төле бидің түйесін баққанын көргенде, оның тәлім-тәрбиесіне өзгеше мән беріп жүргенін қалай аңдамасын. Мұның, яғни, болашақ ханның Сабалақ атанып, түйе бағып, елеусіз жүруінің бір үлкен себебі, ол бұл кезде еріксіз жасырынып жүрген, хандықтан үміткер бақталас ағайыны оны кез келген жағдайда өлтіріп жіберуі әбден мүмкін жағдай. Демек, Төле би оған түйесін бақтырса, бұл тек қамқор ниетінен, панасына алып, сырт көзге елеусіз көрсетуге тырысқан әрекеті деп пайымдауымыз қажет.



ТӨРТ ТАРАБЫН ТҮГЕНДЕГЕН ТӨБЕ БИ

Төле би Әлібекұлының туғанына – 360 жыл

Ел тарихына тек жанашырлық көрсету аз, байыпты көзқарас қажет. Кейде осындай нәрселерді ұсақ көріп, жеткілікті мән бермеуіміз үлкен қателікке ұрындырып, тарихымыздың құнын төмендетіп, қым-қиғаш қайшылыққа алып баратын секілді. Ал кемеңгер Төле бидің, Сабалақ баладан – үш жүздің басын қосып, халқын сан қиындықтан алып шығатын кемел ойлы ханның бейнесін танығандығы, соған орай, өзгеше күтімге алып, билеушілік бағыт беріп, тәрбиелеуі ғажайып сәуегейлігі мен асқан көрегендігі болатын.

Төле би тарихымыздағы алар орны айрықша осы ханның екеуіне де бас кеңесші, оң қолы бола білді. Ел тарихында дәл Төле бидей мемлекеттік биік статусқа – төбе билікке жеткендер сирек. Әрине, өз алдына шаңырақ көтерген кезеңдерден бастап, санқилы ғажайып қаһармандық жолдарды кешіп келсе де, Қазақ Ордасының тұғырын бекітіп, табанынан нық тұру үшін, өз заманына сай заңдары болуы қажеттігін Әз Тәуке хан үш жүздің үздік үш биімен бас қосқан сәттен бастап талқылап, алдарына басты мүдде етіп қойды. Әз Тәукенің «Жеті Жарғы» заңы осындай қажеттіліктерден соң дүниеге келді.

Әрине, тақыр жерге шөп шықпасы анық, елдің заңына да алдыңғы жұртымыздың, ата-бабамыздың ел, қағанат, хандық болып ұйысқан тарихтағы тәжірибелері сарапқа тартылды. Бүкіл түркі даласын біріктірген даңқты Шыңғыс ханның жасақ заңы, Қасым ханның қасқа жолды заңы, Есім ханның ескі жолды заңы жасалып, өз кезеңінің тарихи миссиялық қызметін абыроймен өткергені белгілі. Міне, осы заңнаманың бәрі сарапқа салынып, сол тұстағы ел мүддесіне орай үйлестіріліп, жаңартылуы, өз қоғамына сай жазылуы тиіс болды. Төле бидің тарих алдындағы, халық алдындағы ең басты ұлы еңбегі осы Қазақ Ордасының басты құжаты – «Жеті Жарғы» заңын құрастырып шығаруға тікелей атсалысып, негізгі авторларының бірі болуымен байланыстырылады. Бұл арада, Төле бидің тек данагөй би-шешендігі ғана емес, ұзақ жыл көршілес елдермен қарым-қатынаста жинаған елшілік тәжірибесі, халықаралық байланыстағы біліктілігі, әлемдік, адамзаттық мұрат-мүдденің қыры мен сырына жеткіктігі, дәуірінің талабына сай жалпы көреген саясаткерге айналғаны, ел келешегін танып, болжай алар сұңғыла жүйрік танымы алдыңғы орынға шықты. Әз Тәуке ханның кемеңгер билеушілігі сонда, ол осы үш жүздің ең таңдаулы үш биінің әрқайсысын жетік меңгерген саласына қарай пайдалана білді, соның нәтижесінде «Жеті Жарғы» заңының әлеуеті асып, халықтың сүйіспеншілігіне бөленді, билік пен халықтың арасы жақындай түсті. Осы үш бидің ынтымақ, бірлігі тұсында би-шешендік өнердің мазмұны артып, беделі шарықтап көтерілді.

Төле бидің оқшау жаратылысын ғұмырлық деректерінен де айқын

аңдап отырамыз. Ел арасына кең тараған әңгімелер желісі бойынша, Ұлы жүз Үйсіннің Жаным тармағынан өрбіген Төле би әулетінде оған дейін байлыққа да, билікке де ешкім жетпеген. Дегенмен, әкесі Әлібектің би атағы жайылғандығы, арғы атасы Құдайбердінің де би атағы шығып, тіпті, Есім ханның серігі болғандығы, оған әйгілі Марғасқа жыраудың толғауына арқау болған Қатаған ұлысының билеушісі Тұрсынмен егесі тұсында жақтас болғандығы туралы деректер кездеседі. Осыған қарағанда, Төле бидің өзі осал тұқымның ұрпағы емес. Оның өскен ұясынан алған өнегесі, ұлағаты биік болған. Әйтпесе, әйгілі замандасы, тарихи тағдырлас серігі Қазыбек би «Дуниеден Төле би өтті» деген хабар жеткенде, күңіреніп: «Төле өлді дегенше, әділет өлді десейші, бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» деп жоқтар ма еді?

Төле бидің үздік қырын, әділет көксемген сұңғыла болмысын көршілес елдер де, әсіресе, түбір бір түркі қауымдастар ішінен өзбек, қырғыз, қарақалпақ, тіпті, екі ғасыр жауласқан қалмақ-жоңғар іші де мойындаған, төрелігіне құлақ асқан. Төле би бауырлас түркі жұрттары арасында «Қарлығаш би» деген атпен де кеңінен танылған. Осыған байланысты тарихи аңыз былайша өрбиді:

Қалмақ-жоңғарлар қазақ жеріне ішкерілей енгенде, әуелгі бетқаратпас қарқынмен Ұлы жүздің біраз жерін жаулап, өздеріне қаратып алған. Қаратау айналасындағы қарайлас қауымды дәрегейіне бағындырып жылжып келе жатқан жау әскерінің көзі айдалада көшпей отырып қалған қараша үйге түседі. Жау екінінен қаймықпай, айылын жимай отырған бұл кім екен деген таңданыспен әлгі үйге шауып келіп, жөн сұраса, іштен бас көрсеткен қария өздеріне ұрсып, «амандық жоқ, саулық жоқ, бұл не баса-көк-тегендерің!» деп беттерін қайтарып: «Анау қонтайшыларыңа жеткізе барыңдар, менің құтханамның маңдайшасына қарлығаш ұя салып еді, ескі замандардан ата-бабамыздың дәстүрінде қарлығаш қасиетті құс саналғандықтан, ұясын бұзу күнә. Мен қарлығаш балапандарын ұшырғанша бұл арадан жылжымаймын!» деп кесіп айтыпты. Қарияның дәлелді уәжіне не айтарын білмей, сасып қалған шолғыншылар билеушілеріне қайта шауып барып, оның сөзін жеткізеді. Сонда ауыр ойға қалған қонтайшы: «Бұл тегін адам болмады, әулие қария болуы керек. Оның айтқаны дұрыс, ата-бабаларымыздың қарлығашты киелі құс санап, ұясын бұзбайтынын мен де талай естіп едім, қарияға тиіспей жөніне қалдырыңдар!» деп бұйырып, атының басын бұрған екен дейді. Осы аңыздағы сөз болатын басты кейіпкер Төле би екен және осыдан кейін оған «Қарлығаш би» есімі беріліп, түркі халықтарының арасына кеңінен тарап кетті.

Бұл аңыздың зор тәлімділігі,

ұлағаты өз алдына. Мен оқырман назарын мынаған аударар едім: осы аңызда, Төле бидің аузымен айтылған сөзде, қарлығаштың ұясын бұзудың үлкен айып екендігін аңғартумен бірге, бейбіт жатқан көршілес, әрі түбі бір тамырлас қазақ халқына шабуыл жасап, басып алған қалмақ-жоңғардың шапқыншылығын айыптау бар сияқты. Әулие би осы әрекеті арқылы «түбі бір түркі жұртының өз ұясын талқандағандай, бауырлас қандастарын шабуылар қалай?» деген емеурін білдіруі болар деп шамалап ой қорыттым. Қонтайшы да осыны ұғып, беті қайтып қалғандай, дегенмен, әрине, ел болып шешкен соғыс жоспарын бұзу, аяқ астынан шегіну де қиын болды ма, әйтеуір, шапқыншылық тоқтамаған.

Төле бидің тек би-шешен, қоғам қайраткері ғана емес, ел басқарушылығымен де аты шыққаны аян. Оның Ташкент пен Түркістан шаһарларын, сол аймақ тұрғындарының қалауымен билеп тұрғаны мәлім. Мысалы, бір деректе Ташкентті он екі жыл билеген десе, екіншісінде алты жыл билеген дейді. Деректер әрқилы болғанымен, негізсіз емес. Әйгілі би осы санқырлы қызметінде тек абыройлы болып, ел құрметіне бөленген. Алайда Төле би туралы аңыздар, түрлі тарихи мағлұматтар көп жағдайда әртүрлі баяндалып, бірізділікке түспеген. Ауыз әдебиетіне көп варианттылық тән десек те, Төле би секілді өмірде нақты болған адамның және көрнекті тұлғаның, әсіресе, биік қырларын танытатын қасиеттерінің әрқилілігі көңілге кірбің ұялатады және би еңбектерін сараптап, зерттеуге ниеттенген адам үшін де қолбайлау болатыны рас.

Төле бидей санқырлы, қасиетті адамның бар қырын бірер мақалада ашып шығу мүмкін емес екенін білай қойып, оның мемлекеттік тұғырын толық айқындап, сараптап шығудың өзі аса күрделі мәселе. Дегенмен, біз оның ауыз әдебиетінің өкілі деңгейінен көтеріліп, би-шешендік өнердің аясынан асып, мемлекеттік қайраткер тұлғасы тұрғына көтерілген бірегей дара бітім-болмысына бойлауға тырыстық, талпындық. Бұл талабымыз осы тараптағы ізденістің басы да, аяғы да болып қалмасына сенеміз. Төле би тануда жаңалық ашу, тыңнан ой қозғаудың қиын екендігін әркім сезінер, біз де сол көптің ішіндеміз. Мақсатымыз ол болмағанымен, өз заманымыз тұрғысынан баға беріп, келешек ұрпақтың айтылар ойларына, берер бағасына нәр берсек, ой тұздығын сепсек, өзіндік үлесімізді қоссақ деген ниет қана. Төле би туралы сөз біткен десек, кері кеткендіктің әңгімесі болары анық, тұрға қасиетіне бойлау, өзінше өрелеу, дала болмысын айқындауға үлес қосу, замана, қоғам тұрғысынан үн қосушылық жалғаса бермек. Төле би танушылықтың тоқырап қалуы – елдігімізге мін болып табылары хақ.

Төле бидің орнын айқындау тұрғысынан қиындықтар туғызатын мәселелер де жоқ емес. Оның ең бастысы кейде, нақты Төле бидің

аузынан шыққан деп сеніммен айтылатын шешендік сөздердің өзге би-шешендерге танылып, мидай араласып жүретін кезі аз емес. Кейбір зерттеуші ғалымдардың Төле би сөздерін өз жұртының билеріне теліп жіберетін кездері болмай тұрмайды. Бірақ, «кісі малы өзгеге мал болып жарытпас» демекші, жабыға қас тұлпардың алтынмен апталып, күміспен күптелген ертоқымын жапқандай, бөтендігі байқалып, менмұндалап тұратындай. Өкініштісі сол, тақа бір сөз қадірін салмақтап айыратын кісіге болмаса, жалпы көпке бимағлұм болып, біреудің сөзі біреуге танылып кете барады. Ауыз әдебиеті фольклорында кездесіп жүретін осындай ию-қию араласып кеткен қойыртпақ қас таланттың даралығына көлеңке түсірмей тұрмайды және бұл бүгінгі зерттеушіге де, келешек ұрпақтың ата-бабалар сөзін қадірлеушісіне де көп қолбайлау, кедергі болып бағатыны сөзсіз. Сондықтан, бұл мәселе Төле бидей дара тұлғаны танудың

жауапкершілігін арттыра түседі.

Көне замандарда өмір сүрген гректің әйгілі данышпан, ойшыл философы Платон «шешендік – ақылмен билеу өнері» деп анықтама тұжырым жасапты. Демек, шешендік өнері тек тіл мен жағына сүйеніп, сөз сапыру емес, ақылдың сипатын танытар ғажайып өнер. Осы анықтаманың өзі Төле би сияқты бітім-болмысы дара шешендерге қарата айтылған сықылды көрінеді. Шешендігі халқына ақыл айта білген билеушілікке ұласқан мұндай кемел тұлғалар сирек. Тура осы сезімге Төле бидің өз сөзінен жарқын бір мысал келтірейік, бұл нағыз оның дара болмысын ашатын дана тұжырым, шешендігі ақыл-парасатымен өрлген нақ философиялық байлам дер едік: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, оның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген екен. Бұл Төле бидей неше түрлі өмір сынақтарынан өткен сұңғыла бидің өмірлік сараптамасы екені еш күмән түлдірмейді. Осыған ұқсас айтылған әйгілі Саққұлақ шешеннің Шоқанға ақыл өсиет тұрғысынан айтыпты деген лебізі былайша өріледі: «Асылы, ақыл – адамды аздырмайтын ем, білім – таусылмайтын кен. Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез. Адам биік болса тасыр-ды, кішік болса құрт-құмырсқа басар-ды, орта құба төбел болса, сол адам ұзақ жасар-ды біліп туған бала екенсің, Тумысыңнан дана екенсің!» деп көсілген екен дейді.

Салыстыра байыптау тұрғысынан келтіріп отырмыз, тақырыптан ауытқушылығымыз болмас. Бұл арқылы айтайын дегеніміз, Саққұлақ шешен Төле биден көп кейін өмір сүрген он тоғызыншы ғасырдың өкілі, араларын бір ғасырдан астам уақыт бөліп жатыр. Демек, Саққұлақ шешен Төле биден сөзбе-сөз ойын көшіріп алмаса да, өзіне үлгі етіп алып, сәл-пәл толықтырып, жетілдіріп өзінше ой түйген. Бұдан мынандай ой келіп туындайды: Төле би шешендік өнерді дамытып, өрістетіп отырып, өзінен кейінгі көптеген шешендерге үлгі-өнеге қалдырып кеткен. Осындай Төле бидің тұжырымдары негізге алынған даналық сөздерді көптеп кездестіруге болады, оларды салыстыра пайымдаудың өзі бір жеке тақырып болар еді. Демек, Төле бидің би-шешендік өнері қазақ даласында өз алдына мектеп болып қалыптасқан. Егер зерттеуші ғалымдар шығып, осы тақырыпты қаузаға, «Төле бидің би-шешендік өнері мектебінің өкілдері» деген бағытта ғылыми зерттеу жазуға әбден тұрар еді. Сонда біз би болмысына тереңдеп, қасиет-қырлары аша түскен болар едік деген ой келеді.

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының
судьясы

ӘДЕП КОДЕКСІ – БАСТЫ БАҒДАРШАМ

Халық пен биліктің арасын жақындату жолында атқарған жұмысымыздың жемісін көреміз десек, алдымен мемлекеттік қызметшілердің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдірудің маңызы жоғары. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптардың жоғары болатыны анық.

нормаларын ұстануы, қоғамға жат мінез-құлыққа жол бермеуі тиіс, ұжымда іскерлік және сыпайылық өзара қарым-қатынасты орнату мен нығайтуға ықпал етуге, қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге немесе оларды болдырмау жөнінде өзге шаралар қабылдауға, лауазымдық міндеттерді орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық имиджіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді және мемлекеттік органдарға қоғамдық сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара іс-қимылдың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің мәдениетіне ғана емес, қызметтік міндеттерді орындау мәдениетіне де қойылатын талаптарды белгілейді. Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасын бұзуы ғана емес, сондай-ақ тәртіптік теріс қылықтарды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу бойынша мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижелері де ескеріледі.

Бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән беріледі. Өйткені, мемлекеттік қызметкер қоғамның айнасы деуге болады. Сол себепті, бізге қойылар талап та жоғары. Анығырақ айтар болсақ, мемлекеттік қызметші

Әр мемлекеттік қызметші қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді өз мүдделеріне қатысты пайдаланбауы тиіс, қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік

Аудандық сот әкімшісінің еңбек тәртібін айта кетсек, мемлекеттік қызметкерлерге күнделікті жұмыс уақытынан кешікпей жұмысқа келу қажет екендігі қатаң ескертіледі. Сот ғимаратында орнатылған СКУД-жүйесі арқылы әр қызметкер өзіне бекітілген смарт-карталарын жұмысқа келген және жұмыстан қайтқан мезгілде өткізеді. Аталған жүйе қызметкерлердің жұмысқа уақытылы келулерін бақылауға бағытталған. Сонымен бірге, еңбек тәртібінің сақталуымен қатар жұмыс барысында іскерлік киім үлгісін ұстану талап етіледі, аудандық сот әкімшісінде бекітілген ішкі еңбек тәртібінің үнемі сақталуы тексеріледі. Әдеп кодексімен белгіленген талаптарды бұлжытпай сақтап, үнемі орындау талап етіледі. Сонымен қатар, кодекс талаптарының бұзылуына жол берген маманның тәртіптік жауапкершілікке тартылу мәселесі қарастырылады.

А. ИМАНБЕКОВА,
Мұғалжар аудандық сот
әкімшісінің басшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

СОТТЫҢ МАҚСАТЫ – ЖАСӨСПІРІМДІ ЖАЗАЛАУ ЕМЕС, ДҰРЫС ЖОЛ КӨРСЕТУ

Кәмелетке толмағандар жөніндегі істерді қарайтын мамандандырылған соттар кешенді юрисдикциядағы соттар негізінде қалыптасқан. Яғни, сотпен кәмелет жасқа толмағандарға қатысты әкімшілік құқықбұзушылық, азаматтық және қылмыстық істер қаралады. 2016 жылдың қаңтарынан бастап енгізілген жаңа Азаматтық процесстік кодекске сәйкес, кәмелеттік соттың қарауына жататын азаматтық істер санаты толықтырылды. Атап айтқанда, әкелікті анықтау және алимент өндіру, кәмелетке толмаған баланы асырап-бағу үшін алимент мөлшерін төмендету.

туралы» заңға қол қойды. Түзетулерге сай балалардың мүдделеріне қатысты заңдардың жекелеген ережелері нақтыланды, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құзыретіне азаматтық істердің кейбір санаттары берілді.

2015 жылдың тамыз айы мен 2017 жылдың қаңтар айы аралығында Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында «Алтернативті сот әділдігі» пилоттық жобасы іске қосылып, жұмыс атқарады. Жобаның мақсаты алғаш жасаған қылмысы үшін кәмелетке толмаған сотталушыға бас бостандығын шектеу, айыру жазасын тағайындауды осы жобаға жолдаумен ауыстыру.

істерді қарау барысында психолог балалармен психодиагностикалық жұмыс жасайды, қорытындысы бойынша сот шешім қабылдайды.

Соттың негізгі мақсаты – түзу жолдан тайған жасөспірімдерді жазалау немесе жауапкершілікке тарту емес, оны қайта тәрбиелеп, өмірден өз орнын табуына көмектесу. Осы орайда, психологтардың жұмысы өте маңызды.

Сонымен қатар психологпен жұмыс тараптарға да көмектеседі. Өйткені психолог көбінесе оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, жанжалдан дұрыс шығуға бағыттайды.

Бүгінгі күні соттағы әрбір іс психологтың қатысуымен қаралады. Психолог тараптармен әлеуметтік-психологиялық зерттеу жүргізеді, кәмелетке толмағандарды сот отырысына дайындайды, жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізеді.

Неке бұзу кезінде психологтың тараптарға уақытылы көрсеткен көмегі, мүлікті бөлу, баланың тұрғылықты жерін айқындау, баламен кездесу уақытын белгілеу, алимент өндіру сияқты бірқатар дауларды болдырмауға көмектеседі.

Баланың тұрғылықты жерін айқындау, баламен кездесу уақытын белгілеу, ата-аналық құқығынан айыру санатындағы азаматтық істерді қарау кезінде психологты іске тарту туралы мәселе ерекше өзекті болып отыр. Себебі, аталған

Қазақстан сот органдары қызметінде демократия үрдісін жоғарылатып, олардың барынша ашықтығын, қабылдаған шешімдердің жариялылығын арттырып, сот пен бұқаралық ақпарат құралдары арасында ақпарат алмасудың шынайы әрі уақытылы жүзеге асуын қамтамасыз ету аясында Қызылорда облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты интернет желісінде өзінің ресми сайтынан ашты.

Қызылорда облысы
Кәмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты

Мемлекеттік қызметші – қоғам айнасы. Осы сөзді кездестірген сайын оның салмағын сезінеміз. Мемлекеттік қызмет тек қоғамның ғана емес, тұтастай бір ұлттың айнасы іспетті. Ол – жауапкершілік. Ең алдымен, әрбір қызметкердің өзінің адами бет-бейнесі алдындағы жауапкершілік.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЖҰМЫСЫ ЖАУАПТЫ



Адам тек қызметте ғана емес, күнделікті өмірде отбасымен, жақын ағайыны, көрші-қолаң, танысымен қарым-қатынаста болып, өзінің мәдени ортадағы орнын айшықтайды. Білім алып, мамандық игергеннен кейін ол орта кеңіп, қоғамдық қарым-қатынас ортасы ұлғаяды. Міне, осы тұста, адамның әуелгі өнегесі сынаққа түседі. Дұрыс тәрбие, шынайы білім, терең ғылымға ұмтылған кез келген азамат өзінің адами бет-бейнесін айналасына әйгілейді. Ал, мемлекеттік қызметке тұрған күннен бастап оның бұл жауапкершілігі екі еселенеді. Мемлекеттік қызмет ешкімнің жеке иелігі емес, сондықтан ол қызметкерден әртүрлі ережелер мен тәртіп ретін талап етеді. Қарапайым азаматтармен сөйлесу әдебі, қызмет көрсету әдебі, өзі-өзі ұстауы, жүріп тұру этикасы мемлекеттік қызметкердің ішкі мәдениетінің көрсеткіші.

маман ғана қызметте оң нәтиже көрсетеді, қызметте өседі, біліктілікке қол жеткізеді.

Халыққа қызмет көрсету орны осындай әдеп нормаларының нағыз сыналатын жері. Мұндағы әрбір қызметкер ел алдындағы жауапкершілікті, өз қызмет нормаларын жақсы меңгерген. Әрбір келушімен ізетпен, үлкен төзім, ыждағатпен, құрметпен, жауапкершілікпен сөйлесу – халыққа қызмет көрсету мекемелеріндегі мамандардың күнделікті үйреншікті шаруасы. Этика нормаларын алға шығарып, қоғамдық мәдениетті басты ұстаным ететін кез келген маман, мемлекеттік қызметкер әрқашан халық қызметіне үлкен құлшыныспен кіріседі. Өз-өзін ұстау, сыпайы қарым-қатынас, білікті қызмет кез келген маманды өсіреді, халық алғысына бөлейді. Мемлекеттік қызметші елдің бет-бейнесі, мемлекеттің мәртебесі. Осы ретте, біз үшін халыққа қызмет көрсету зор мақтанш.

Қ.РОЗБАКИЕВ,
Панфилов аудандық Әділет
департаменті басшысының
міндетін атқарушы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

КИЕ

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ КЕМІМЕЙДІ

Әр ұлттың тарихы мен мәдениетіне, әсіресе, оның тұлғалары болмысына қарайтын болсақ, халықтың ұлт ретінде қалыптасуына, тарихи уақыт сынынан сүрінбей өтуіне ықпал ететін құндылық – ана тілі. Алаш зиялылары айтып кеткендей, тілі мен тарихы жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

Еліміз жарқын, жаңа жүйеге көше бастады. Елдегі үлкен өзгеріс көптеген игі іске әкелеріне нық сеніммен қарай отырып, білімді ұрпақ ел тірегі деуге болады. Сондықтан тіл насихатын қарапайым халық көп жүретін қоғамдық көліктерден бастау тиімді, ақпараттың бәрін мемлекеттік тілде хабарлау, қоғамдық орындарда адамдарға мемлекеттік тілде бағыт беру, нәтижеге жол бастайтын жаңа бағыттың нышаны.

Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай шаруа емес, себебі ол тіл сол мемлекет иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни, өнер, әдебиет, мәдениетте, баспасөз, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс-қағаздар, т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы қажет.

«Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап. Тарихтан да белгілі, қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші мемлекеттік тілінің мәселесін шешеді. Қазіргі әлемдік бәсеке жағдайында күшті ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресе алады. Республикамызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Кез келген салада болсын, өзге тілді құрметтеу және өз мәдениетін сақтау үшін, өз тілдерінде жұмыс атқарылады. Әрқашан еліміз деп соғар ұрпақтың, тілге деген құрметі мәңгі сөнбеуі керек деп білемін.

М.ЖАҚЫПОВ,
Тасқала аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНАДЫ

Ақмола облыстық сотында Италия университетінің профессоры М.Греггимен кездесу өтті.

Ақмола облыстық соты мен А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті арасындағы өзара ынтымақтастық аясында облыстық сотқа Феррара (Италия) университетінің заң факультетінің профессоры Марко Грегги келді.

Шетелдік қонақпен кездесуде Ақмола облысы бойынша Соттар әкімшілігі департаментінің басшысы Данияр Сапарбек сот органдарын цифрландыру туралы, сот залдарының АБТ-мен, техникалық құралдарымен жабдықталғанын, «Сот кабинеті» мен «Төрелік» базасын қолдану, соттарда электрондық істердің қаралуы және т.б. көрсетті. Кездесуде шетелдік қонақ пен

университет өкілі «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, Анар Бухаевамен «Құқық қорғау және сот жүйесі», «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Процессуалдық құқық» және «Халықаралық ынтымақтастық» білім беру бағдарламаларын іске асыру аспектілерін талқылады.

М.Грегги сот ісін жүргізудің жаңғыруына, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігіне жоғары баға берді. Іс-шара Ақмола соттарының тарихи мұражайы мен медиация кабинетін тамашалаумен аяқталды.

Кездесу құқық саласындағы ынтымақтастықты дамыту, білім және тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылды.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

Сот залдары түгелдей бейне-дыбыс жазу құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Қазір Азаматтық процесстік кодекстің 133-3-бабына сәйкес, іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар сот отырысына өздері мәлімдеген өтінішхат бойынша немесе соттың бастамасы бойынша техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы қатыса алады.

ОНЛАЙН СОТ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ САНЫ АРТТЫ

Сот отырысына қатысу үшін пайдаланылатын техникалық байланыс құралдары төрағалық етушінің іске қатысатын адамның жеке басын анықтау, сондай-ақ өкілдің өкілеттіктерін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл әсіресе қолайсыз ауа райы жағдайында немесе тараптардың бірі басқа қалада, алыс жерде, шалғай аймақта, басқа елді мекенде тұратын кезде немесе жұмыста болған уақытта кеңседен шықпай-ақ, жолға шығын жұмсамай уақытын үнемдеп үйде

отырып қатысуға мүмкіндік береді. Ақтөбе облысының кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына 2023 жылдың 9 айында 715 азаматтық іс түсіп, оның ішінде 398-іс онлайн тәртіпте қаралған. Сот кабинеті арқылы 633 талап қою түскен.

Сот отырысына қатысушылардың арасында ең көп таралған желі мессенджер «WhatsApp» болып табылады, бұл ұялы байланыс мелерінің көпшілігіне ыңғайлы әрі

тиімді болғандықтан, қатысушының қайда орналасқанына қарамастан кез келген жерде шектеусіз пайдаланылады.

Сот отырысына қашықтықтан қатысу азаматтардың уақыты мен шығынын үнемдейді.

Сот отырысына қатысуды

қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану тәртібі, оларға қойылатын талаптар заңдармен, ережелермен айқындалған.

Майра ОРАЗҒАЛИ, Ақтөбе облысы кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «E&M Engineering» (ЭЙ&ЭМ Инжиниринг) ЖШС, БСН 131240022670, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, М.Өтемісов көшесі, 100 үй.

3. «АгроМир Кокше» ЖШС (БСН 160440016458) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Алатау көшесі, құрылыс 1.

4. «Алатау Монтаж Проект Строй» ЖШС (БСН 091140009550) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 104А үй.

5. «ES ENTERPRISE» ЖШС (БСН 060240013594) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Ақсай-3 ықш. ауд., 16 үй, 50 кеңсе.

9. «Строительная Корпорация «РАССВЕТ» ЖШС, БСН 110740000106, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Красный Пильщик көшесі, 36 үй. Тел.: 87713503602.

10. «Частная охранный организация «ЕРТИС-СЕКЬЮРИТИ» ЖШС, БСН 110540000179, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Красный Пильщик көшесі, 36 үй. Тел.: 87713503602.

13. «Турнер & Таунсенд Энерджи Лимитед» компаниясының филиалы, БСН 100341009337, есептік тіркеуден шығарылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050022, Абай даңғылы, 42, «Ваукопуг» бизнес орталығы, 9 қабат.

14. «АйсанАгро» ЖШС, БСН 220340027265, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы, 15/1 үй, 266 пәтер (кеңсе), тел. +77783284989.

15. «Адилхан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 150840016074, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Абай ауылы, Сарыағаш көшесі, 9 үй. Тел.: +77789955184.

16. «DS строй компани» ЖШС, БСН 191140000805, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, «Наурыз» ықшамауданы, 8-40.

17. «Мини футбольный клуб «ТУЛПАР-2001» қоғамдық бірлестігі, БСН 100940006735, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Ержанов көшесі, құрылыс 35А, индекс 100009. Тел.: 87015119517.

18. «SaleMarket» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210840019627, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қазыбаев көшесі, 92. Тел.: 87076660047.

19. «DAV Group» ЖШС, БСН 150340013507, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, З.Абдрахманов көшесі, 34-үй. Тел.: 87028454779.

20. «КЕРЕМЕТ-К» ЖШС, БСН 221040009030, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 145 үй, 168 пәтер. Тел.: 87017540700.

21. «МонтиМаркет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 181040003646 (Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз қаласы, А.Янушкевич көшесі, 5-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Аягөз қаласы, Байшашев көшесі, 75/3. Тел.: 87021401404.

22. «Темирлан ЛТД» ЖШС, БСН 150840020528, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, «Жұмыскер» ықшамауданы, Меңдекеш Са-тыбалдиев көшесі, 58-үй, 1-пәтер, индекс 060100. Тел.: 87057777661.

23. «Мереке ЛТД Сервис» ЖШС, БСН 160240020885, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, «Жұмыскер» ықшам ауданы, Меңдекеш Са-тыбалдиев көшесі, 58-үй, 1-пәтер, индекс 060100. Тел.: 87057777661.

24. «SOLT Service» ЖШС, БСН 150640006347, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылда-

нады: Алматы облысы, Жандосов ауылы, Жобалау II көшесі, 20-үй. Тел.: 87472286879.

25. «Санни интернэшнл» ЖШС, БСН 081140019853, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 18, кеңсе 8. Тел. 87477772944, e-mail: maya_k_m@mail.ru

26. «Кварц-АС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 030540008127, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Өтініштер мен шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Мәскеу көшесі, 27/1 үй, 24-пәтер мекенжайы бойынша қабылданады.

27. «Алға-Самға» ЖШС, БСН 150240007569 (Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт көшесі, 11-үй, 58), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Асфендияров көшесі, 12-үй, 17-пәтер.

28. «ОТ ТЕМІР» ЖШС, БСН 130740000932, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 120400, Қазақстан Республикасы, Қызылорда обл., Қазалы

ӘРТҮРЛІ

11. «Үлгілі-Агро» серіктестік қатысушылары 2023 жылғы 23 желтоқсанда сағат 10.00-де СҚО, М. Жұмабаев ауданы, Ұзынкөл ауылы мекенжайында «Үлгілі-Агро» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Күн тәртібінде: 1) Қатысушылардың «Үлгілі-Агро» ЖШС құрамынан табиғи түрдегі жер телімімен (жер пайы) бөлініп шығуы; 2) табиғи түрдегі бөлінетін жер телімінің орналасқан орнын анықтау. Жиналыс өтпеген жағдайда, 2023 жылғы 30 желтоқсанда сағат 10.00-де сол мекенжайда сол күн тәртібі

МҰРАГЕРЛІК

6. 9.01.2023 жылы қайтыс болған Әбдраимов Пазатхан Калиұл-ның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

7. 27.05.2023 жылы қайтыс болған Шанбаева Несібелінің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел.: 87022334499.

12. 2023 жылғы 2 қазанда қайтыс болған азамат Утегулов Адилхан Римгалиевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе.

ауданы, Әйтеке би кенті, Әбжами Айбосынов көшесі, 5-үй.

29. «СВИФТ ИНГЛИШ АКАДЕМИ» ЖШС, БСН 201040029626, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, «Береке» ықшамауданы, 136, тел. 87785203914.

30. «НИКА-2002» ЖШС, БСН 020940002814, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс 060002, Атырау қаласы, Центральный көшесі, 8 үй, 52-пәтер, тел.: 87017365462.

31. «Concreate firm» ЖШС, БСН 230940040741, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Заветная көшесі, 31-үй, индекс 050011, телефон: +7 707 630 7416.

32. «аКредит» ЖШС, БСН 220940031017, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылы, Рақымжан Қошқарбаев көшесі, 1142 үй, 37-пәтер, индекс 041609, телефон: +77076307416.

бойынша қайтадан өткізіледі. Байланыс телефоны: +77057941717 (WhatsApp).

33. «Германия» ЖШС, БСН 160140023658, Серіктестіктің жарғылық капиталы 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеге азайту туралы Қатысушылардың жалпы жиналысында 2023 жылғы 8 қарашадағы қабылданған № G2023/01-02/8 шешімі туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Сәкен Сейфуллин даңғылы, 107/3 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады.

ЖОҒАЛТУ

8. Алматы қаласының нотариусы Казакеева Сауле Сериковна (лицензия №0001399, 08.08.2008 ж. берілген) куәландырып 18.05.2023 ж. Ирсаиет Динмухамед Абевичтің атына реестрде №9519 болып тіркелген сату-сатып алу келісімшарты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-32, 49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SARA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибоева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы №85 санды)

Қашықтан жүзін анық байқамағанымен, мені көрсет қол көтеріп амандасады. Жауап қатамын. Кенет оның арт жағына сіздер мінгендей қара көлік келіп тоқтады. Оны көріп балық инспекциясының адамдары болар деп жағадағы қамыс арасына тығылып қалдым. Мені олар байқамаған сияқты. Көліктен үш адам шығып, жаңағы жігітке жабыла кетті. Екеуі қолынан ұстап тұрып, қызыл куртқалысы бірнеше мәрте ішінен ұрды. Содан кейін көлікке салып әкетті.

– Бұл қай мезгілде болды?
– Күн найза бойы көтерілген уақыт. Шамамен таңертеңгі сағат 10-11-дің арасы деп ойлаймын.

– Қылмыскерлер оны пышақпен өлтірген. Пышақпен бір рет ұрғанда дәл жүрек тұсынан салған. Сіз олардың бет-бейнесін, түр-әлпетін сипаттап бере аласыз ба?

– Біреуі жаңа сіздер тұтқындалған жігітке сай келеді. Екіншісі орта бойлы, толық денелі, үшіншісі арықша келген. Қашықта тұрған соң бет-әлпеттерін дұрыс байқамадым. Үлкен кісімін, алыстан көрмеймін.

– Ол жерде сізден басқа ешкім болмады ма?

– Жоқ, шет жақ қой. Көп адам бара бермейді.

– Басқа айтарыңыз болмаса, боссыз, – деді Болат – Қажет болсаңыз, куәгер ретінде шақыртамыз. Есіңізге бірдеңе түсіп жатса хабарласыңыз. Қадыржан, ағаның телефонын, мекенжайын жазып ал.

Тархан қылмыскер дегенге Болат неге екені белгісіз өзін сендіре алмады. Өлген жігітті ұрған шығар, бірақ, бір сілтегеннен пышақты жүрек тұсынан кіргізетіндей қауқарлы емес. Күнде мас, аяғын әрең алып жүретін адам қалай ғана олай ете алады? Экспертиза қызыл сапты пышақта қан жоғын дәлелдеп отыр. Тарханның саусақ ізі де табылмады. Сонда қалай, аузы арақтан арылмаса да, оның бәрін сүртіп кетіріп тастауға ақылы жеткен бе? Бұрын сотталған болса базадан саусақ таңбасы шығып тұрар еді. Әйтсе де жалғыз куәгер соны көрсетіп отыр. Тархан қылмыскер болса, балықшы көрсеткенде қашуға әрекет қылмай ма? Қылмыс орын алған жерде де, шеттегі үйде де камера жоқ. Сол себепті ізге түсу қиын. Ол өлген жігіттің анасымен сөйлесіп көргенді жөн санады.

– Ауыр қылмыс, адам өлімі ашылмай отырғаны қалай? – деді прокурор алдына жайғасқан Болатқа сұрақты төтесінен қойып, – Куәгер бар, жігіттің қарындасы да кімнен күдіктенетіні бізге белгілі. Басқа не керек? Неге қылмыскерді мойындата алмай жүрсіз? Пышақта саусақ таңбасы жоқ дегелі отырғаныңызды білемін. Бірақ, өлген жігіттің денесіндегі жарақат пен пышақ ұшының көлемі сәйкес келіп тұр. Қылмыскерді ақтап алатын әлбиі де жоқ қой. Не себепті істі сағызша созасыз? Жас бала емессіз, тәжірибелі криминалиссіз. Қандай жауап бересіз?

– Арман Артықбекұлы, – деді инспектор, – Осы істі қолға алғалы байқағаным, Тархан ондай қылмысқа баратын адам емес...

ШЕТКІ ҮЙ



(Детектив)

– Оны сіз қайдан білесіз? Ішкі жан дүниесіне кіріп шықтыңыз ба?

– Күнде арақ ішетін адам болғанымен, Тархан ондай қанішер емес екені түрінен көрініп тұр. Тағы да қайталаймын, мен оны қылмыскер деп ойламаймын.

– Сіз неге адвокат болып жұмыс істемейсіз? Сонда осындайларды қорғағандың қажеті жоқ. Маскүнемдікке салынған адамдардан бәрін күтуге болады. Психикасы бұзылады. Ашушаң келеді, не айтып, не қойғанын білмейді. Қызыл куртқалы жігіттің Сарғатқа қол жұмсағанын балықшы айтып отыр ғой.

– Солай да шығар, бірақ, біз оның қасында болғандарды табуымыз керек. Оған дейін Тарханға кінә таға алмайтынымыз өзіңізге мәлім. Әзірге бізде оны тұқыртып, қамыт кигізетін деректер аз. Курткасына да қан тимеген. Жуып кетірген ізі де байқалмайды. Бұған қоса күдіктіде көлік жоқ.

– Соза бермеңіз, инспектор! Қоғам бұған қалай қарайтынын да ескеріңіз! Сіз қылмыстың не себепті жасалуы мүмкін екенін зерттедіңіз бе? Соған баса назар аударыңыз. Мысалы, шетте тұрған зәулім үй. Айналасы кең. Шаруаға қолайлы. Жан-жағы жап-жасыл. Ауыз сумен, газбен қамтылған. Ішінде еркін өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Сатуға шығарса қымбат бағаға тез өтері анық. Онда бір ауру әйел мен екі жігіт тұрады. Біреуі маскүнем. Олар көп адамдармен қатынаспайды. Демек, арттарынан іздеушісі жоқ. Қызы болса қалада. Сарғат өлсе үй мен дүние-мүлік кімге қалады? Әрине, Тарханға! Төрінен көрі жақын ақыл-есі дұрыс емес әйелге үй кімге өтсе де бәрібір. Қарындасы Сарғаттың бөле ағасы ішіп келгенде үйден қуып шығамын деп айтқанын жеткізді. Олай етсе далада қалатынын қылмыскер біледі. Сөйтер болса, Тарханның басқа барар жері жоқ, қаңғып қалады. Сонымен қатар, өлтірейін деп ойламағанымен қасындағылар айтақтауы мүмкін. Бәлкім оны қорқытып бөле ағасына қол көтерткен шығар? Мұның артында өз

мүддесі бар бізге беймәлім басқа адамдар да тұрған болар. Керемет үй солардың көз құртына айналып, жігіттің өліміне себеп болды ма екен? Әсия туралы мәліметтерді де мұқият тексеріңіз. Мен тергеу жұмыстарымен танысып шығып, осындай ойларға келіп отырмын.

– Айтуыңыз орынды, Арман Артықбекұлы! Полиция бөлімінің басшысы істің беталысын бақылауда ұстауда. Біз күдіктінің қасындағылармен де сөйлесіп қарайын деп жатырмыз. Алдымен Тарханнан жауап аламын. Содан кейін өлген жігіттің анасына барып, тағы бір жүздесіп көргенді жөн санап отырмын.

– Осы аптаның ішінде бұл істі бір жағына шығарыңыз. Мен сізді жақсы білемін. Сол себепті сенім артамын.

– Сіз не деп отырсыз? – деді Тархан инспекторға, – Әсия олай өтірік айтпайды? Сарғатпен қашан төбелесіптіңіз? Мұндай ертегіні қайдан шығардыңыз? Ондай нәрсе арамызда мүлдем болған жоқ. Әсияға пышақ тақаппын?! Мен ішетін шығармын, бірақ, қарындасына қол салатын азғын емеспін. Маған жала жабу, жасамаған қылмысты ілу үшін осылай деп отырсыз ғой. Қылмыскерді таба алмаған соң кісі өліміне мені кінәлі етіп, оңай құтылмақсыз. Мен әлсіз адам болармын, бірақ, басымды кесіп алсаңдар да мұны мойныма алмаймын. Себебі, мен қылмыскер емеспін!

– Сол күні таңертеңгі сағат 10-11 аралығында қайда болғаныңызды айта алмай отырып не көкісіз, – деді Болат, – Кісі өлімінің куәгері де сізді көрсетті. Өз еркімен мойындаған жазаны жеңілдетеді. Біз қазір сізге мүмкіндік беріп отырмыз. Ертең бәрін анықтаймыз. Сол кезде кеш болады. Сарғатты өлтіріп, үйді өзіңіз иемденгізіз келді. Дұрыс айттым ба? Анасын қарттар үйіне өткізесіз немесе ол «ажалынан» өледі. Содан кейін үйді сатсаңыз, түскен ақшаға бай-бақуатты құмыр кешесіз. Алайда, бір

нәрсені ескермей қалдыңыз. Әсия тұрғанда ол үй сізге тимейді. Әлде оны да құрту алдағы жоспарыңызға кірді ме? Бір үйде тұратын қарындасыңыздың өзі сізден күдіктеніп, кінәлайды. Ұялмай қалай ақталасыз?

– Инспектор, егер Әсия тап солай айтқан болса, оның өзгергені. Мүмкін бұл қылмыстың артында тұрған сол болар, кім білген? Адамға сенуден қалып барамын! Менің сізден жалғыз ғана өтінішім бар. Анама қорған болыңызшы! Оның өміріне қауіп төніп тұрғанын сеземін. Ол бізді қандай қиындық көріп адам қатарына қосқанын сіз білмейсіз ғой. Бізден не қызық көрді?, – осыны айтқан жігіт еңкілдеп жылап жіберді.

Инспектор біраз сұрақ қойғанымен, оны мойындата алмады. Осыдан кейін Болат өлген жігіттің үйіне барды. Жақындап қалғанда Әсияның жанында толық келген жігіт тұрғанын көрді. Қырағы криминалист оның көңіл айта келгенде Тарханның қасында отырғанын байқаған. Қыз толық жігітке әлдене айтып мээ. «Өлген артынан өлмек жоқ. Жүзіндегі қайғы бұлты сөйілген екен», деп оялады инспектор. Мұның жақындап қалғанын көрген қыз зып етіп үйге кіріп кетті. Толық жігіт бұған жақындап келіп жөн сұрасты.

– Әсияның көңілі бөлінсін деп сөйлесіп тұрғанын ғой, – деді ол, – Тарханды тұтқындаған екенсіз, дұрыс болған.

– Оны сізге кім айтты?

– Полиция бөліміне кеткенін естіген соң сұрап жатқаным. Қылмысын мойындады ма?

– Ол қылмыскер ме? Сіз оны тұтқындауға негіз бар деп ойлаңыз ба? Неген күдіктенесіз?

– Жоқ, жәй әшейін айта салдым. Оны анықтау сіздердің жұмыстарыңыз ғой.

Осылай деген ол бұрылып кете барды. Болатты үйдің ішкі дәлізінен Әсия қарсы алып, ауру әйелдің бөлмесіне бастады. Әйел ояу отыр екен. Көзін сипап бұған қарады.

– Әй, Әсия қайда?, – деді дауыстап – Ол әлі келген жоқ па?

– Мен мұндамын, мама! – деп қыз қасына жақындады.

– Кет әрі, сен Әсия емессің! Қызым мені «Анашым», деп атайтын.

– Иә, анашым, осындамын! Үлкен кісі ғой, ақылы да кіресілі-шығасылы. Туған қызын танымай қалып жатады. Мән бермеңіз, – деді Әсия бұған қобалжи қарап. Жүзінен әлденеге алаңдаушылық байқалды.

Әйел нұры тайған жанарымен инспекторға бұрылды.

– Сарғатжан, Әсия қайда?

Болат енді қала беруді ыңғайсыз көріп орнынан тұрды. Дәлізге шыққанда келесі бөлмеден бір жас келіншек шайға шақырды. Инспектор бас тартып еді, ашық тұрған есіктен іште жаңағы толық жігіттің отырғанын көргеннен кейін неге екені белгісіз келісті. Шайдан соң, бәрі шығып кеткеннен кейін жаңағы келіншектен целлофан сұрап толық жігіт шай былғаған қасықты оған салып, қалтасына сүңгітті. Таңырқай қараған келіншекке үндеме дегендей сұқ саусағын ерніне тақап белгі берді. Келіншек басын изеді.

Полиция бөлімінің бастығы қолындағы қағазға көз жүгіртіп шыққан соң алдына тастап, орындығына шалқалай отырып:

– Болат, саусақ ізі қалған қасықты алып келіп, дұрыс істегенсіз. Кәсіби шеберлігіңізге тәнтімін! – деді.

– Мені ол жігіттің Сарғаттың үйінен неге шықпайтыны қызықтырды. Тарханмен бірге жүретін жігіттермен кездесіп, оның қатарға қосылғанына көп болмағанын анықтадым. Мұнда тұрмайды, осындағы бір үйде жатады. «Сарғаттың қаделері өткен соң кетемін» дейтін көрінеді. Туысы, досы болса бір жөн. Өзінен күдіктенбейтінімізге сондай сенімді. Кеше Әсиямен сөйлесіп тұрғанын көргеннен кейін екеуінің арасында бір байланыс бар деген ойға кеттім. Экспертиза шәй қасықтағы саусақ ізінің базада Арқанбай Ароновқа тиесілі екенін анықтап отыр. Ол бұған дейін алаяқтық жасап, екі рет сотталған. Соңғысында мерзімінен бұрын босатылған. Лақап аты «Бутон»

– Өзіне сондай сенімді болса, қылмысқа қатысы жоқ шығар? Түйсікке емес, дәлелге сеніп жұмыс жасауымыз қажет қой. Сіз сонда балықшы көрген толық жігіт осы екеніне сенімдісіз бе? Ароновтың өзімен сөйлесіп көрдіңіз бе? Күдіктенетіндей жөніміз бар ма?

– Дәл солай, жолдас полковник! Бір рет сөйлескенмін. Мен оның қылмысқа қатысы барына сенімдімін! Сарғатты өлтіргендердің қалған екеуі де біздің жақтыкі емес. Облыс орталығынан келгендер. Бұл қылмыстың артында ұйымдасқан топ тұруы мүмкін. Менде қазір жалғыз ғана көзір бар, ол – Әсия! Сол арқылы қалғандарына шығамын деген ойдамын.

– Бізге құр сенім емес, бұлтартпас айғақ қажет. Балықшының жазғанында үш жігіт те джип көлігінің оң жағынан шыққаны айтылады. Демек, төртінші адам, жүргізуші болған ғой. Куәгер көрмесе, ол сыртқа шықпаған. Соған қарағанда көліктің иесі бір мекеменің басшысы немесе кәсіпкер болуы да мүмкін.

Қанат ҒҰМАРОВ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Сәдуақасбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадирай Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5570 дана
Апталық таралым 11 140 дана

Тапсырыс №170 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31